

ЗАН

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
ЖУРНАЛ

№8 | 2022

ZANMEDIA.KZ

Дуния-Зада
КЕНШИМОВА,
Ақтау қалалық №2
сотының судьясы

**«ТІЛДЕ
БІРЛІК
БОЛМАЙ,
ЕЛДЕ
ТІРЛІК
ТҮЗЕЛМЕС»**



ЗАҢ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

№8 | 2022

МЕНШІК ИЕСІ:

«ЗАҢ» Медиа-корпорация»
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Редакторлар кеңесінің
төрағасы - директор

Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

АҒЫБАЕВ А. з.ғ.д.,
профессор

АЛАУХАНОВ Е. з.ғ.д.,
профессор

ӘБДІРАСҰЛОВ Е. з.ғ.д.

ӘБДІРАСҰЛОВ Б. б.ғ.д.,
профессор

БЕКТҰРҒАНОВ Ә. з.ғ.д.,
профессор

ДОСАЛИЕВ Қ. з.ғ.д.

СӘБІКЕНОВ С. з.ғ.д.,
профессор

БОРУБАШЕВ Б. з.ғ.д.
профессор (Қырғызстан)

РЕДАКТОРЫ

Түймегүл ИБАШЕВА

МАЗМҰНЫ

Дуния-Зада КЕНШИМОВА,
Ақтау қалалық №2 сотының судьясы:

«ТІЛДЕ БІРЛІК БОЛМАЙ, ЕЛДЕ ТІРЛІК ТҮЗЕЛМЕС»

Т. СМАҒҰЛҚЫЗЫ

3

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ СОТТЫҢ РӨЛІ

Е. ТӨЛЕЕВ

10

АЛҚАБИЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Т. БЕКТҰРСЫНОВ

13

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ ЗАҢСЫЗДЫҚТАН ҚОРҒАЙДЫ

Ж. АСҚАРОВ

16

Қабыл ДҮЙСЕНБИ,

Шымкент қалалық сотының баспасөз хатшысы:

«АШЫҚТЫҚ БАР ЖЕРДЕ ҒАНА ӘДІЛДІК БАР»

Ш. РАҚЫМҚЫЗЫ

19

«ЖЕДЕЛ ЖЕЛІНІ» ЖАНДАНДЫРУ УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Ә. ШАЙМАҒАМБЕТОВ

22

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЗАЛАЛ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК КҮШЕЙДІ

А. ТҰРМАҒАНБЕТОВА

27

ЭЛЕКТРОНДЫҚ СЕРВИС ЕЛГЕ ЖАҚТЫ

А. УРАШЕВА

29

САНИТАРЛЫҚ АЙМАҚ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛДІ

Н. ӘЛЖАНОВ

31

Халық сотына сенім артып келеді

Н. МАЖИТОВА

34

ӘДІЛІК ҚАҒИДАТЫ ТЕПЕ-ТЕҢДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ

М. ЖҮЙНТАЕВ

36

Үзілген алқа

Е. ОСПАНОВ

39

БІЗДІҢ АНЫҚТАМА

Қазақ тарихында қара қылды қақ жарған бабаларымыз – Төле, Қазыбек, Әйтеке сынды ұлы билердің алар орны бөлек. Дана билердің ел тұтастығын нығайту бағытындағы ерен еңбектері ұрпақтан-ұрпаққа үлгі десек, қазіргінің қазылары да сол билеріміз салған сара жолды абыроймен жалғастырып келеді. Олардың қатарында сот саласында ширек ғасырдан бері еңбек етіп келе жатқан Ақтау қалалық №2 сотының судьясы Дуня-Зада Кеншимова да бар.

Судьяның еңбек жолына көз салсақ, Дуня-Зада Бесбайқызы 1995 жылы Алматы қаласындағы Жетісу аудандық сотына сот мәжілісінің хатшысы болып орналасады. Осылайша Абай атындағы Қазақ Ұлттық университетін бітірген жас заңгер сот жұмысының қайнаған тіршілігіне араласып, өз ісіне маманданады.

Бұдан кейін ол ұзақ жылдар бойы Әуезов ауданында сот орындаушы, аға сот орындаушы болды. Заң үстемдігін қамтамасыз ету мен атқарушылық іс жүргізуде үлгілі істерімен көзге түсті. Дуня-Зада Кеншимова судьялық қызметін Маңғыстау облысының Қарақия аудандық сотынан бастады.

Судья бүгінде өзінің негізгі қызметімен қатар, қоғамдық жұмыстарға, сондай-ақ, спорттық шараларға да белсенді түрде атсалысып жүр. Мысалы, ол жеті жылдан бері аталған соттың оқу орталығында координатор. Орталықта өтетін әрбір іс-шараны жоғары деңгейде ұйымдастырып келеді.

Бұған қоса Дуня-Зада Кеншимова Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Орталық Кеңесінде жұмыс тобының және Маңғыстау облыстық сотында Тәлімгерлер кеңесінің мүшесі. Тәжірибелі судья судьялық қызметке алғаш рет тағайындалған әріптестеріне кәсіби тұрғыда көмек беріп, олардың біліктіліктерін арттыруға зор үлес қосуда.

Дуня-Зада Бесбайқызы татуластырушы судья бола жүріп медиацияның халық арасында кең таралуына атсалысты. Бұл тұрғыда да жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіп, сотқа келушілердің алғысына бөленді.

Маңғыстау облыстық сотының атынан халықаралық шараларға қатысып, жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген судья Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технология және инжиниринг университетінде болашақ заңгерлерге дәріс оқиды.

Дуня-Зада Кеншимова «Сот жүйесінің үздігі» төсбелгісінің иегері. Сондай-ақ, көптеген алғыс хаттармен марапатталған.



Дуния-Зада КЕНШИМОВА,
Ақтау қалалық №2 сотының судьясы:

«ТІЛДЕ БІРЛІК БОЛМАЙ, ЕЛДЕ ТІРЛІК ТҮЗЕЛМЕС»

– Сот төрелігін 13 жылдан бері атқарып келесіз, осы жылдары ел азаматтарының құқықтық, оның ішінде сот процесінде өздерін ұстау мәдениеті қаншалықты жетілді деп ойлайсыз, жалпы, бұл тұрғыда ілгерілеушілік бар ма?

– Сотқа азаматтар дау-дамаймен, тіпті, жандары күйіп, ең бастысы сот арқылы бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру, әділдікке жету үшін жүгінеді. Мұнда түрлі көңіл-күймен келген адамдарды жылы жүзбен қарсы алып, көмек көрсету, заң аясында бағыт-бағдар беру соттағы әрбір маманның міндеті.

Қуанарлығы, бұдан он жылғы жағдайға қарағанда халықтың құқықтық, сөйлеу, өзін-өзі сотта қорғау мәдениеті барлық жағынан қалыптасты. Кейде сотқа жүгінушілер мен олардың өкілдерінің заңды бес саусағындай білетінін және соны орнымен қолданатынын көргенде іштей сүйсінесің. Бұған, әрине, заманауи жетістіктер мен әлеуметтік желілердің де ықпалы зор.

Қазіргі күні заңдық кеңесті кез келген ақпарат көзінен ала алады. Сонымен қатар, әрбір сот отырысының бейне жазбаға жазылуы сотқа қатысушыларды тәртіпке шақыруда үлкен құрал болды. Бұған судьялардың әрекеттеріне тараптар жағынан

түсетін шағымдардың азайғаны дәдел. Мұны ресми мәліметтер де жоққа шығармайды.

– Сіздің ойыңызша соттан екі жақта риза болып шығу мүмкін бе?

– Екі жақтың ризашылығы, айналып келгенде азаматтардың құқықтық мәдениеті мен сауатына, парасат-пайымына байланысты. Себебі, заң аясында шығарылған әділ шешімді мойындайтындар да, мойындамайтындар да бар. Абай атамиздың «қара қылды қақ жарып тұрсаң да, біреу мақтап кетеді, біреу даттап» деген сөзі бекер айтылмаған. Көпке топырақ шашуға болмас, соттан өзінің қателігін түсініп шығатындар да жоқ емес.

Біздің басты мақсатымыз – әділдік пен заңдылықты орнату. Қазіргі кезде тараптарға шешімнің неге олай қабылданғанын жан-жақты түсіндіреміз.

– Бізде сот актілері, әсіресе, алиментке қатысты шешімдердің орындалуы көңілден шықпайды. Бұл сот орындаушысының жауапсыздығы ма әлде оның басқа да себептері бар ма?

– Сот шешімінің орындалуы, ең алдымен сот орындаушысына, сонымен қатар, мүдделі адамның табандылығына да тікелей байланысты. Дегенмен, бұл жерде сот орындаушысының жауапкершілігі басты орынға шығады. Өйткені, соттың заңды шешімі қан-



дай жағдайда да орындалуы міндет. Орындалмаған сот актісі, соттың жұмысын жоққа шығарады. Өкінішке қарай, бізде сот шешімі шығып, заңды күшіне енгенімен, оның орындалуы көңіл көншітпейді.

Мысалы, жеке сот орындаушысы сот шешімін орындамаған борышкерді заңда көзделген жауапкершілікке, тіпті, қылмыстық жазаға тарта алады. Яғни, оған мәжбүрлеу шараларын қолдану құзыреті заңмен берілген, сондықтан, оның мүмкіндігі мол. Жеке сот орындаушысы мәжбүрлеу шараларын қолдану арқылы берешегін өтегенше борышкердің бүкіл құқығын шектесе, сонымен қатар, мүдделі адам қолындағы сот шығарып берген шешімнің орындалуын сауатты түрде талап етсе мақсатқа жетуге болады.

– Мемлекеттік қызметшілердің беделін теріс пайдалануын немен байланыстырар едіңіз?

– Жауапты тұлғалардың ар-ождан, әдеп

кодексінің талаптарын сақтай бермейтіні ащы болса да шындық. Мұндай келеңсіздіктерді бұқаралық ақпарат құралдары да жария етуде. Негізі бюрократтық әрекеттер, мемлекеттік қызметті орындау тәртібін бұзу мен этика нормаларының сақталмауы, мұның бәрі жеке бастың жауапкершілігімен тығыз байланысты. Жалпы, заң талаптары баршаға ортақ. Мансапқа, т.б. артықшылық берілмейді. Осыны естен шығармау керек.

– Жүйе жұмысындағы реформалар өз мақсатына жете алып жатырма?

– Тәуелсіз ел болғалы әділ сотты қалыптастыру жолындағы тынымсыз ізденістер мен батыл бетбұрыстар сот саласына кәсіби біліктілік тұрғысынан ғана емес, сонымен бірге материалдық-техникалық, әлеуметтік жағынан да жаңаша серпін берді. Білікті судьялар корпусы қалыптасты, сот жұмысына жаңа форматтар енгізілді. Жалпы алғанда жүйедегі реформаларда бір ғана мақсат бар.



Ол сапалы, тиімді әрі заман талабына сай сот төрелігін орнату.

«Сот төрелігінің жеті түйіні» бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан қанатқақты жобалар көздеген мақсатқа жетуге кеңінен жол ашты. Бүгінде жүйе жұмысы артық сот рәсімдері мен шығындарынан арылып келеді. Іс жүргізу жеңілдетіліп, халықтың сотқа деген қолжетімділігі артты. Электронды сот төрелігінің нәтижесінде ел тұрғындарына әлемдік пандемия кезінде де онлайн форматта қызмет көрсетілуі үлкен жетістік.

Сот саласын жаңа деңгейге көтеру жолындағы игі бастамалардың қай-қайсысы болмасын қарапайым азаматтардың әділ сот шешімдеріне әлемдік стандарттарға сай қол жеткізуінің бірден-бір кепілі деуге болады. Әсіресе, судьялардың өздері қабылдаған сот актілерін тараптарға түсіндіруі саланы

заман талабына сай жаңғыртты. Бұлардың игілігін бүгінде бұқара халық көріп, өз бағасын беріп отыр.

– Сот жұмысының ашықтығын арттыратын оң шара деп нені айтар едіңіз?

– Сот процестерінің дыбыс-бейне жазбаға жазылуы жүйе жұмысының ашықтығын қамтамасыз ететін оң қадамның бірі дер едім. Процесс барысы, яғни, кімнің қалай сөйлеп, өзін қалай ұстағаны, т.б. түгелдей таспаға түсіріледі. Сот процестері ашық өтеді, оған қатысуды қалайтындарға шектеу қойылмайды. Сондай-ақ, істің барысын кез келген азамат бақылай алады.

– Азаматтардың дауды өзара келісіммен бітіруге деген белсенділігін қалай бағалайсыз?

– Бір-біріне деген ашу-ызасы асқынып тұрған адамдар бірден келісімге келе қоймайды. Бұл үшін соттар тарапынан үлкен күш-жігер жұмсалады. Оның үстіне дауды тек сотпен бітіру түсінігі көпшілік санасында жылдар бойы қалыптасты. Медиация туралы заңның қолданысқа енуі осы сенді бұзды. «Жақсы нәрсе әсте-әсте» дегендей, азаматтардың ортақ мәмілеге келуі бұрынғыға қарағанда көш ілгері.

Төрелік етудің басты мақсаты да, талабы да тараптарды табыстырып, татуластыру. Даудың бейбіт жолмен шешімін табуы біз үшін де, азаматтар үшін де тиімді. Себебі, даусыз істердің кемуі жүктемені азайтып, күрделі істердің сапалы қаралуына ықпал етеді.

Медиацияны дамытуда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты тарапынан атқарылған шаралар өз нәтижесін беріп жатқанын айта кеткен жөн. Билер соты Қазақстан үшін жаңалық емес, бізге, қазақ халқына тән қасиет. Сондықтан, бұл мәселеде діттеген межеге жететінімізге сенімдімін.

– Ел заңдарының жиі өзгертілуі немен байланысты?

– Кез келген заң Конституцияға негізделеді. Мәселен, ғалымдар заңның жиі өзгеріске түсуін ғылыми негіздің жетіспеу-

шілігімен байланыстырады. Бір жағынан мұның да өз әсері бар, екіншіден, өмір бір орында тұрмайды. Өзгерістер мен толықтырулардың болуы заңдылық.

– Іс қарау сапасы жылдан-жылға жақсарғанымен сенім деңгейі неге күтілген нәтижеге жетпеуде?

– Сотқа деген сенімнің жоғары деңгейге жетпеуіне көп жағдайда азаматтардың құқықтық сауаты әсер ете ме деп ойлаймын. Ол үшін жаңарып жатқан кодекстер, т.б. заңдар бұқаралық ақпарат құралдарында үздіксіз насихатталуы тиіс. Өйткені, заңды білген адам сот шешімінің заңды, заңсыздығын екшей алады. Бұқаралық ақпарат құралдарында заң тақырыптары көптеп қозғалса, яғни, олар ағартушылық мақсатты ұстанса сотқа жүгінушілер де заңды шешімдерге күмән келтірмес еді. Ағартушылық шаралар арқылы сотқа да, судьяға да сенімді нығайтуға болады.

– Лауазымды тұлғалардың басым көпшілігі, оның ішінде кейбір судьялар да мемлекеттік тілді жетік біле бермейді. Мұның себебін айта аласыз ба?

– Қазақ тілінің мәртебесін көтеру биліктің бір тармағы саналатын сот жүйесінің де міндеті. Сондықтан, Жоғарғы Сот төрағасы Жақып Асанов сот кадрларын іріктегенде үміткерлерге қазақ тілін жетік меңгеру талабын қойды. Себебі, мемлекеттік тілді білмейтін судьяның Қазақстан мемлекеті атынан үкім шығаруы көңілге қонбайды.

Лауазымды тұлғалардың «Тіл туралы» заңның 4-бабына немқұрайдылық танытатынын өмірдің өзі көрсетіп отыр. Мысалы, аталған бапта қазақ тілінің мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін және іс қағаздарын жүргізу тілі екені нақты жазылған. Билік және заң шығарушы, т.б. органдар осы норманы қатаң ұстанса, мемле-





кеттік тілдің жағдайы өз-өзінен жақсарар еді.

Басқасын айтпай-ақ қояйық, тәуелсіздік алғалы елімізде екі-ақ заң қазақ тілінде дайындалды. Осының өзі, мемлекеттік тілдің жағдайын байқатады. Сонымен қатар, қазақ тілін қолдауда қарапайым азаматтар белсенділігінің де маңызы зор. Егер сотқа жүгінушілер талап арызды мемлекеттік тілде берсе сот өндірісі де толықтай қазақ тіліне көшеді. Меніңше, тілде бірлік болмай, елде бірлік болмайды. Бірлік жоқ жерде тірлік оңбасын бабаларымыз баяғыда айтып кеткен. Тіл мәселесін қазақтың қазақпен қазақша сөйлесуі ғана шешеді. Мемлекеттік қызметте отырғандардың дені қаракөздер, демек, барлық мәселенің шешімі өзімізге тіреліп тұр.

– Ата-анаңыздың мамандық таңдауыңызға ықпалы болды ма?

– Барлық ата-ана баласының өмірден өз орнын тапқанын қалайды. Мамандық мәселесінде әке-шешеміз бізге еркіндік берді. Қай салада еңбек етсек те, адал әрі еңбекқор болуды өсиет етті. Әкем «ешкімнің ала жібін аттамаңдар, ол жақсылыққа әкелмейді. Еңбекқор әрі тәртіпке бағынған адам түбі бір нәтижеге жетеді» дегенді жиі айтатын.

Әкем Бесбай Елемесұлы мен анам Доғдырхан Рәділқызы өте қарапайым жандар, бар өмірлерін еңбекке арнады. Өз басым әкемді ерекше жақсы көрдім. «Әке балаға сыншы» демекші, әкем маған үлкен үміт артты, ол кісінің «осы қызым алға қойған мақсатына жетеді» деген сөзі менің бала көңіліме қанат бітіретін. Күшіңе емес, адал ісіңе сену керектігін бізге әрбір іс-әрекетімен байқататын. Содан болар, әке атына ұят келтірмей, адал қызмет ету менің өмірлік ұстанымыма айналды. Бойымда қандай жақсы қасиет болса, соның бәрі әкенің қанымен, ананың сүтімен берілген. Ата-анамыз бізді ерінбей еңбек етуге тәрбиеледі.

– Заңгерлікті таңдауыңызға не себеп болды?

– Заңгерлік менің бала кезгі арманым десем де болады. Сол себепті, Абай атындағы Қазақ Ұлттық университетінің заң факультетіне құжат тапсырып, оқуға түстім. Мектеп кезінде прокурор болғым келетін. Алайда, университетте сотқа баруға шешім қабылдадым.

– Кімдерге алғыс айтар едіңіз?

– Ең алдымен ата-анама алғысым шексіз. Бізді қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай өсірді. Қаншама бейнет көрді. Өкінішке қарай, өмірден ерте өтіп кетті. Ол кісілермен өткен әрбір күн бүгінде сағынышқа айналды. Өзім Жамбыл жақтың қызы болсам да осы облыста еңбек еткеніме 15 жылға жуықтады. Қаншама мықты аға-апаларымызбен қызметтес болдым. Сол кісілердің әрқайсысына ризашылығымды білдіремін, әрқашанда қолдау көрсетіп,

кеңестерін аямай, қамқорлық таныта білді. Маңғыстау облыстық сотының басшылары мен судьяларына, сот ардагерлеріне, әріптестеріме алғысым шексіз.

– Әйел барлық уақытта әдемі болу керек деген пікірмен келісесіз бе?

– Әйелдің жаратылысы әдемілікпен байланысты. Өйткені, оның болмысы солай. Қай жерде болмасын, мысалы, жер қазып жатса да бәрібір әдемілікке ұмтылады. Қазақ әйелінің киімі де, келбеті де керемет. Әжелеріміздің кимешек киюінің өзі тәрбие береді.

– Судьялардың кәсіби қызметі көп жағдайда сот шешімдеріне қарап бағаланатыны жасырын емес. Бұған Сіздің көзқарасыңыз?

– Судья абыройлы лауазым. Сондықтан, кез келген заңгердің қызмет баспалдағындағы ең биік шыңы судьялық лауазым болып саналады. Бұл өз кезегінде судьядан әрбір шешімді шығарарда шексіз жауаптылық пен әділеттілікті, заңдылықты талап етеді. Осы талап үдесінен шығуға ел судьялары барлық күш-жігерлерін, қарым-қабілеттерін, білім-біліктерін жұмсап жатқанына күмән болмауы керек. Сот шешімдерінің өзгертілуі немесе бұзылуының заңдық тұрғыда себептері болады. Яғни, іс материалдарын тараптардың толық бермеуі мүмкін, т.б.

Осы себепті, судьяның жұмыс сапасы негізінен санға емес, ол қараған резонансты істерге, тәжірибесіне қарай бағаланғаны жөн деп ойлаймын.

– Бейнеттің зейнетін көру үшін адам баласына қандай қасиет керек деп ойлайсыз?

– Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов айтқандай, «Қай істің болсын өнуінде үш шарт бар: ең әуелі – ниет, одан соң – күш-қуат, одан кейін – тәртіп керек». Шынында да ниетсіз ешқандай іс басталмайды, ал күш-қуатсыз бастаған істі аяқтау тағы мүмкін емес, сондай-ақ, тәртіп болмаған жерде тағлым, нәтиже болады деу тағы қиын. Демек, адам баласы осы үш шартты үйлестіре білгенде ғана еңбегінің жемісін көреді.

– Уақыт тауып, ой бөліскеніңізге үлкен рақмет.

Сұхбаттасқан Т. СМАҒҰЛ



ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ СОТТЫҢ РӨЛІ

Соңғы жылдары сот жүйесі көптеген оң өзгерістерге қол жеткізді. Солардың қатарындағы маңызды жаңашылдық – Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (әрі қарай - ЭРПК) қабылдануы болып табылады. Ол қабылданғанға дейін көптеген пікірталас пен талқылаулар болды. Қазіргі кезде бұл кодекс Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың 2019 жылы 19 қыркүйекте жариялаған өзінің Қазақстан халқына бірінші жолдауындағы «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» ұғымына толық сәйкес келеді.



Ербол ТӨЛЕЕВ,
Ақтөбе облыстық соты
әкімшілік істер жөніндегі сот
алқасының төрағасы

Әкімшілік әділеттің қалыптасуында соттарға үлкен рөл бөлінген, онда жарияқұқықтық қатынастарда азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған.

Жаңа ЭРПК талаптарын іске асыру мақсатында Жоғарғы Сотта, облыстық және

оларға теңестірілген соттарда әкімшілік істер жөніндегі сот алқалары құрылды. Әр облыс орталығында, республикалық маңызы бар қалаларда, сондай-ақ, Қаскелең, Семей, Жезқазған және Екібастұз қалаларында мамандандырылған әкімшілік соттар құрылды, барлығы 21 сот.

Бір жыл бойы соттар мемлекеттік органдарға, халыққа және бизнес-ортаға түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

ӘРПК-нің басты қағидаттары – заңдылық пен әділдік қағидаттары; құқықтарды, бостандықтар мен заңды мүдделерді қорғау; әкімшілік қалауды жүзеге асыру шектері; құқықтар басымдылығы қағидаты; сенім құқығын қорғау, формальды талаптарды теріс пайдалануға тыйым салу; анықтық презумпциясы; соттың белсенді рөлі; әкімшілік сот ісін жүргізудің ақылға қонымды мерзімі; сот актілерінің міндеттілігі. Яғни, соттарға кең өкілеттіктер берілген.

Әкімшілік әділет институтының өміршеңдігі ең алдымен әкімшілік істер бойынша сот төрелігін іске асыру нәтижелерімен бағаланады. Мысалы, Ақтөбе облысының соттарымен 2022 жылдың 6 айында әкімшілік істер бойынша шешімдердің 60,5 пайызы азаматтар мен заңды тұлғалардың пайдасына шығарылды.

Барлық істің 14,5 пайызы тараптардың татуласуымен, ал дауды тараптар өзара реттеуіне байланысты талап арыздарды қайтарып алу көрсеткіші 15,4 пайызды құрады. Осы екі негізбен барлық істердің шамамен 1/3 бөлігін тараптар өзара шешті деуге болады.

Жария-құқықтық даулар бойынша сот төрелігін іске асыруда Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексін қолданып, мұндай нәтижеге жету мүмкін емес еді, өйткені мемлекеттік органдардың дауларды бітімгершілік жолымен реттеуге мүмкіндіктері болмады.

Қазіргі уақытта ӘРПК және оның қағидалары жоғары тиімділікті көрсетіп отыр. Осыған қарамастан, азаматтар мен заңды тұлғалардың мемлекеттік органдарға қарсы құқықтарын қорғау деңгейі жоғары.

Мәселен, ағымдағы жылдың қаңтар айында Нұр-Сұлтан қаласында бизнес өкілдерімен өткен кездесуде Президент Үкіметке, Жоғарғы Сот пен «Атамекен» ҰКП-на бірлесе отырып, мемлекеттік органдардың

теріс тәжірибесін, олардың алдын алу және жою жөнінде талдау жасауды тапсырды. Сонымен бірге, егер сот мемлекеттік органдардың қателіктерін ылғи түзетсе, онда мұндай басшылар өз орнында емес деген сөз айтылды. Ал 2022 жылдың 19 мамырында Президент басымдылықтардың бірі ретінде сот төрелігін қамтамасыз етіп, жақын арада сот жүйесін реформалау қажеттігі туындап отырғанын атап өтті.

Президенттің тапсырмасын орындау мақсатында Жоғарғы Соттың тапсырмасымен басқа өңірлермен қатар Ақтөбе облысының соттары да мемлекет мүддесін қорғауда жалған фактілерді болдырмау үшін мемлекеттік органдардың өкілдерімен кездесулер ұйымдастырды.

Қаралған істерді талдау барысында облыстың кейбір мемлекеттік органдарының жұмыстарында жүйелі кемшіліктері анықталды. Мысалы, ағымдағы жылдың 6 айында келіп түскен талап қою арыздарының 2/3-і салық, жер қатынастарынан және сот орындаушыларының қызметінен туындайтын дауларға қатысты.

Статистикалық мәліметтерге жүгінсек, 2022 жылдың 6 айында салық дауларына қатысты істердің 65 пайызы салық төлеушілерінің пайдасына аяқталды, жер даулары бойынша бұл көрсеткіш 83 пайызды құрады, ал сот орындаушыларына қатысты істер бойынша 55 пайыз болып отыр.

Кәсіпкерлерден ең көп салық органдарының шешімдері, хабарламаларын заңсыз деп тану және олардың күшін жою туралы талап қоюлар келіп түседі.

«Қазақстан Республикасы Салық туралы және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер (Салық кодексі) кодексінің 96-бабының 2-тармағында камералдық бақылау бойынша хабарламаны орындау негіздерінің толық тізбесі көрсетілген. Камералдық бақылау сатысында салық төлеушіге хабарламаны мерзімінде орындау міндеті екі тәсілдің бірімен жүктеледі: анықталған бұзушылықтарды жою немесе түсіндірмелер ұсыну.

Көбінесе салық төлеушілер белгіленген

мерзімде жолданған хабарламаларға түсіндірмелер береді. Осыған қарамастан, салық органдары камералдық бақылау нәтижесі бойынша хабарлама орындалған деп шешім шығарады.

Көбіне соттар салық органдарының бұл шешімдерін заңсыз деп танып, олардың күшін жояды. Алайда, салық органдары осындай шешімдерді қабылдауды жалғастырып келеді, ал кәсіпкерлер тарапынан бұл негізді шағымдарды тудырады.

Әкімшілік органдар тарапынан құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында а. ж. 6 айында облыс соттары келесі шаралар қабылдады: 37 жеке ұйғарым шығарылды, оның 21-і орындалды.

ӘРПК жаңашылдықтарының тағы бірі – бұл соттың жеке, лауазымды тұлғаға, заңды тұлғаға немесе оның өкіліне айлық есептік көрсеткіштің оннан жүзге дейінгі мөлшерін-

де ақшалай өндіруге мүмкіндік берілгенін айтуға болады.

Сот өзінің процессуалдық құқықтарын теріс пайдаланатын немесе сотқа құрметсіздік танытқан адамға, сондай-ақ сот шешімін орындамағаны немесе бітімгершілік, дауды медиативтік немесе партисипативтік әдіспен реттеу келісімін бекіту туралы сот ұйғарымдарын орындамаған жауапкерге ақшалай өндіруі мүмкін.

Ағымдағы жылдың 6 айында сот талаптары мен шешімдерін орындамағаны үшін 9 ақшалай өндіріп алу салынды.

Әкімшілік әділетті қалыптастыру үшін соттар үнемі жұмыс жасауда, дауларды шешу сот тәжірибесі қалыптасуда. Сонымен қатар, жақын арада Президенттің сот саласында жаңа реформаларды жариялауы күтілуде, осы шаралардың барлығы соттардың жұмыстарын жақсарту үшін қабылданды.

АКЦИЯ

«Халық заңгері» тегін көмек ұсынады

«Қайырымдылық жасасаң – қайырын өзің көресің» дейді данышпан қазақ. Шын мәнінде, жер бетіндегі теңгерімнің бұзылмауына мейірімнің, жанашырлықтың ықпалы орасан. Адамдар бір-біріне қолдау көрсетіп, қолтығынан демеп жүрмесе, дүние әлдеқашан сұрқай тартып, сұлулығынан ажырап еді. Өмірді қызық, болашақты мәнді ететін – жақсы адамдар!

Жаны жомарт, мақсаты ізгі жандар қолға алған кезекті бір акция – халыққа құқықтық көмек беруге бағытталып отыр. «Халық заңгері» жалпы республикалық акциясы 2022 жылдың 16 қыркүйегінде Қазақстанның барлық қалаларында бір мезгілде өтеді. Акция аясында кез келген қазақстандық білікті заңгерлерден, адвокаттардан тегін заңгерлік көмек ала алады.

Акцияны мемлекеттік органдардың және Қазақстанның жоғары білікті адвокаттары мен заңгерлерінің қолдауымен «Параграф» ақпараттық желісі мен Zakon.kz ақпараттық ресурсы ұйымдастырып отыр. Алғаш рет «Халық заңгері» акциясы Алматыда 2013 жылы заңгер Михаил Коломиннің бастамасымен өткізілген екен. Содан бері акцияға мыңнан астам маман қатысып, 4 500-ден астам адам тегін құқықтық кеңес алған екен. 2016 жылы адвокат Жангелды Сүлейманов халыққа тегін кеңес беру үшін құқықтың түрлі салаларында жүрген өзінің заңгер-әріптестерін шақырып, бұл бастаманы басқа форматта жалғастыруды ұсынған. Осылайша уақыт өте келе акцияға әкімдіктердің, прокуратуралардың, әділет департаменттерінің өкілдері және жеке сот орындаушылар мен медиаторлар тартылған.

Заңгер Мейірман Шекеев: «бұл акцияға 2019 жылы сарапшы ретінде шақырылып қатыстым. Бір қызығы осыған дейін іс-шара туралы ақпарат мемлекеттік тілде жарияланбаған екен. Сондықтан акция туралы ақпаратты мемлекеттік тілде де берейік деген ұсынысымды Михаил Коломин, Элина Черногрицкая қуана қарсы алды. Одан қалса Михаил Коломин менің акцияның атауын тек мемлекеттік тілде «Халық заңгері» деп қалдырсақ деген ұсынысымды да құба-құп алды» дейді.

Мейірман Шекеевтің айтуынша «Мен де қазақпын!» деген Михаил Коломин акция соңында заңгерлерге берілетін Алғыс хаттарды бұл жолы тек мемлекеттік тілде толтыруға шешім қабылдаған.

2020–2021 жылдары еліміздегі карантиндік шектеулерге байланысты өткізілмей қалған акция биыл жалғасын таппақ. Жақсы іске үлес қосып, заңгерлер қолға алған ізгілікті шара жөнінде айналаңызға айта жүріңіз! Сауатты, білікті заңгерлердің көмегіне зәру жандарға бұл акцияның көмегі орасан.

А.САТЫБАЛДЫ

АЛҚАБИЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Еліміз тәуелсіздік алған кезден бастап сот жүйесін, жалпы құқықтық жүйені дамытуға ерекше көңіл бөлінді. Сот жүйесін реформалау үшін жүргізілген және оң нәтиже берген іс-шаралардың да баршылық екені белгілі.



Торқалы БЕКТҰРСЫНОВ,
Ақмола облыстық қылмыстық істер
жөніндегі мамандандырылған
ауданаралық сотының төрағасы

«Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьяларының мәртебесі туралы» заңы қабылданды. Сот жүйесі толықтай атқару органдардың ықпалынан босатылды. Сот қызметіне «Бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық талдау жүйесі» енгізілді. Судьялардың беделін көтеріп, тәуелсіздігін нығайтуға ерекше назар аударылды. Сот жүйесін жетілдіруде сот ісін

ұйымдастырудың халықаралық стандарттарын қамтамасыз ететін нормалар көрсетілген Құқықтық саясат тұжырымдамасы қабылданды. Республика аумағында мамандандырылған соттар құрылды. Соның бір айғағы – аса ауыр қылмыстық істерді қарауға, оның ішінде қылмыстық істерді алқабилердің қатысуымен қарауға мамандандырылған соттардың құрылуы.

Бұл сотта кәсіптік дәрежесі жоғары, моральдық-этикалық бейнесі дұрыс қалыптасқан, сот жүйесінің абыройын, мәртебесін арттыруға мүдделі заңгерлердің жұмыс жасауы – соттың жоғары деңгейін көрсетеді.

Заң үстемдігін қамтамасыз етуге қатысты ұсынылған қадамдарда алқабилер сотының қолданысын кеңейте түсу жайы да сөз болады. 21-қадам бойынша алқабилер соты қолданылатын салаларды кеңейту жайы, сондай-ақ, заңды түрде алқабилер соты міндетті түрде қатыстырылатын қылмыстық істердің категорияларының анықталуы қажеттігі көрсетіледі. Елімізде 2007 жылы құрылған алқабилер соты институтының қатысуымен сот ісін жүргізу – қоғамдағы азаматтардың құқықтарын қорғау ісіне қатысу, шешім шығарудың ұтымды да, тиімді жолдарын қарастыру және пайдалану, сот төрелігінде әділ үкім шығаруға атсалысу, азаматтардың мүдделерін, заң талаптарын бұзу әрекеттерінен қорғауды көздейді.

Алқабилер соты тұрақты қолданылып жүрген сот мекемесі емес, өзінің өмірлік тәжірибесі және ішкі адал сезімі негізінде айыпталушының кінәлі немесе кінәсіздігі туралы мәселені айқындайтын, оны шешу үшін сотқа уақытша шақырылатын соттың ерекше нысандағы институты. Түптеп келгенде, алқабилер сотының қызметін қолданудың артуы біздің еліміз үшін таңсық дүние болмауы керек. Олай дейтініміз, алқабилер институтының сот жүйесінде кең қолданысқа ие болуы – қазақ елінің салт-дәстүрі, ғұрыптық ережелер жолымен құқықтық жүйені енгізген билер сотының жалғасын тауып, бүгінде қайта жаңғырып, заман талабына сай, уақыт көшіне қайта ілесуін көрсететіндей. Кешегі күндерде алдына келген істі өткір тілімен безеп, байыптап, шеше білген би-шешендерге деген халық сенімі қандай болса, бүгінгі алқабилер сотының сот жүйесіндегі қолданысының арта түсуі де халықтың сот істерінің әділетті жүргізілуіне сенімін арттыра түсетін аса ірі демократиялық өзгеріс болмақ.

Алқабидің өз құқықтары, міндеттері

және істі қарауға байланысты іс-әрекеттеріндегі шектеулер бар:

1) өзінің ішкі наным бойынша істің мән-жайын өз бетінше бағалауға және алқабилер алқасының алдына қойылатын сұрақтарға жауап беруге мүмкіндік алу үшін сотта қаралатын дәлелдемелерді зерттеуге қатысуға;

2) процеске қатысушыларға төрағалық етуші арқылы сұрақтар қоюға;

3) заттай дәлелдемелерді, құжаттарды тексеріп қарауға, жерді және үй-жайларды тексеріп қарау ісіне, сот тергеуіндегі барлық басқа да іс-әрекеттерге қатысуға;

4) төрағалық етушіге заңнама нормаларын, сондай-ақ, сот отырысында жария етілген құжаттардың мазмұнын және іске қатысты, өзіне түсініксіз басқа да мәселелерді түсіндіруді сұрап өтініш жасауға;

5) сот отырысы кезінде жазбалар жасауға құқылы.

2. Алқабидің:

1) сот отырысында тәртіп сақтауға және төрағалық етушінің заңды өкімдеріне бағынуға;

2) алқабидің міндеттерін атқару үшін, сондай-ақ, егер сот отырысында үзіліс жарияланған немесе істі тыңдау кейінге қалдырылған жағдайда, сот талқылауын жалғастыру үшін сот көрсеткен уақытта келуге;

3) сотқа келуге мүмкіндігі болмаған жағдайда, төрағалық етушіге келмеудің себептері туралы алдын ала хабарлауға міндетті.

3. Алқабидің:

1) істі тыңдау кезінде сот отырысының залынан кетуге;

2) істі тыңдау кезінде сот құрамына кірмейтін адамдармен төрағалық етушінің рұқсатынсыз іс бойынша сөйлесуге;

3) істі қарау барысында мәліметтерді сот отырысынан тыс жинауға;

4) жабық сот отырысына қатысуына байланысты өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы мәліметтерді жария етуге, сондай-ақ, кеңесу бөлмесінің құпиясын бұзуға құқылы емес.

4. Алқабидің өз міндеттерін атқармауы,



осы бапта көзделген шектеулерді сақтамауы Қазақстан Республикасының заңында белгіленген жауаптылыққа, сондай-ақ, төрағалық етушінің алқабиді істі қарауға одан әрі қатысудан шеттетуге мүмкіндігіне әкеп соғады.

Алқабилер сотының қолданысының кеңеюі қылмыстық іс жүргізудің жалпы жағдайлары мен негізгі принциптерін сақтай отырып, мынадай мүмкіндіктерге жол ашады:

1) тараптардың өз мүдделерін қорғауына себепкер болып, олардың алқабилер соты мен кәсіби судьялар алдында өз көзқарастарын ашық білдіруіне мүмкіндік бере отырып, сот ісін жүргізуде жіберілетін қателіктердің жойылып, істің әділ шешім табуына ықпал етеді;

2) алқабилер мен процеске қатысушылардың араласуымен іске қатысты кез келген дәйектер зерттеліп, сот залындағы зерттеу нысаны болған деректер негізінде қорытынды жасалады;

3) алқабилердің сот отырысына қатысуы тараптардың құқықтарын қорғай отырып, қарама-қарсы тараптарға қолайлы болар шешімнің шығуына, іске қатыстылардың даулы әрекеттерінің оңтайлы шешім табуына әсер етеді;

4) алқабилердің қатысуы қылмыстық

іс жүргізу нысанының қатаң сақталуына жағдай жасайды, яғни алқабилер құрамындағы кәсіби судья емес мүшелер жауапкердің кінәлі не кінәлі еместігін істің барлық мазмұнын қарау нәтижесінде байыптай отырып, шешім шығару жүйесін қылмыстық іс жүргізу заңнамасымен сәйкес реттейді, ал кәсіби судьялар алқабилер сотына дейін істің мән-жайымен таныс болғандықтан, олардың қаралатын мәселе төңірегінде өз пікірлері қалыптасады;

5) алқабилердің қатысуымен сот төрелігін жүргізу арқылы халықтың сот жүйесімен танысуына мүмкіндік туады.

Осылайша, алқабилер сотының сот жүйесіндегі қолданысының кеңеюі ұлттық қылмыстық іс жүргізу құрылымының гуманистік тұрғыда өзгеруіне, демократиялануына, сондай-ақ, заң жүйесінің нығаюы мен бәсекеге қабілетті болуына әсер етеді.

Бүгінде алқабилер соты институтына азаматтарды таңдаудың оңтайлы жолдары қарастырылып келеді.

«100 нақты қадам» – Ұлт жоспарында екешей көрсетілген алқабилер сотының қызметі бірізділікке түсіп, кең қолданысқа ие болды. Алқабилер сотының қолданылу аясының кеңеюі – әділетті сот жүйесінің биік деңгейге көтерілуіне өз септігін тигізері де сөзсіз.

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ ЗАҢСЫЗДЫҚТАН ҚОРҒАЙДЫ

Жалпы алғанда, сақтандыру қызметі ел экономикасының тұрақтылығы мен қауіпсіздігін, халықтың материалдық құндылықтарын сақтаудың бірден-бір кепілі. Әрі ол кәсіпкерлікті дамытып, азаматтарды өмірдегі кездейсоқ жағдайлар мен түрлі тәуекелдерден тиімді қорғайды. Сондықтан, халыққа заң нормаларын ұдайы түсіндіру маңызды.



Жомарт АСҚАРОВ,
Алмалы аудандық №2 сотының судьясы
Алматы қаласы

Сақтандыру мәселесі азаматтар тіршілігімен тікелей байланысты болғандықтан әрқашанда өзекті. Бұған дейін елімізде көлікті сақтандыру, экологиялық сақтандыру, т.б. міндетті болса, бүгінде міндетті медициналық сақтандыру жүйесі енгізілді. Заманның дамуына орай, азаматтар ерікті түрде жылжитын және жылжымайтын мүліктерін, сондай-ақ, кәсібінде сақтандырып жатыр.

Сақтандыруда автокөлік иелері АИАҚ-ЖМС полисін әр жыл сайын сатып алуға, халықтың осал топтарынан басқалар міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына жарна төлеуге тиіс.

Енді заңдылыққа келсек, Азаматтық кодекс талабына сай, сақтандыру – сақтандыру шартының негізінде жүзеге асырылады. Шарт бойынша сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысын, ал екінші жақ сақтандыру төлемін төлеуге міндетті. Төлем сомасы шартта көрсетіледі. Сақтандыру нысанына ерікті және міндетті сақтандыру кіреді.

Міндетті сақтандыру заңнамалық актілердің талаптарымен жүзеге асырылады. Осы себепті, оның түрлері мен шарттары, өзге де тәртібі жекелеген заңнамалық актілермен белгіленеді. Мысалы, міндетті сақтандыруда заңмен бекітілген талапты барлық адамның орындауы шарт. Қарапайым тілмен айтқанда, міндетті сақтандыру – заң бойынша рәсімделеді. Заңнамалық актіден туындамай, шартқа негізделген сақтандыру міндетті болып саналмайды.

Аты айтып тұрғандай, заңмен міндеттелмеген ерікті сақтандыру екі тараптың қалауымен ерікті түрде жасалады және шарттары мен тәртібі өзара келісіммен белгіленеді. Мұның міндетті сақтандырудан айырмашылығы – тек сақтанушы мен сақтандырушы арасында жасалған шарт негізінде туындайды.

Міндетті сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандырудың міндетті түрін реттейтін заңнамалық актілермен анықта-

лады. Жеке сақтандыру бойынша төлем сақтандырылған адамға әлеуметтік қамсыздандыру, сондай-ақ, сақтандырудың басқа шарттары негізінде оған тиесілі сомаға қарамастан зиянның орнын толтыру тәртібімен беріледі.

Сақтандыру сыйлықақысына сақтанушыға төленетін міндетті сома кіреді және оның мөлшері мен төлеу мерзімі, өзге де тәртіптері шартта нақтыланады. Шарт арқылы сыйлықақыны мерзімдік сақтандыру жарналары түрінде бөліп төлеуге де болады. Сыйлықақы мерзімін ұзарту кезеңі 30 күннен кем болмауы тиіс.

Сақтандыру шарты сыйлықақы берілген сәттен, ал оны бөліп төлеуде, бірінші сақтандыру жарнасы төленген кезден бастап күшіне енеді және оны орындауға тараптар міндетті болады. Сақтандыру шарты алғашқы сақтандыру жағдайы бойынша төлем жүзеге асырылған соң қолданылуын тоқтатады.

Заңда сақтандыру сомасы және сақтандыру төлемі көрсетілген. Бұл екеуінің ара жігін ашар болсақ, сақтандыру сомасы – сақтандыру объектілері сақтандырылған адам және сақтандыру жағдайы басталған кездегі сақтандырушы жауаптылығының шекті көлемін білдіреді. Ал, сақтандыру төлемі шартта белгіленген мөлшерде пайда алушыға сақтандырушы төлейтін бір реттік төлем. Бұл шартта көзделген уақытта төленеді.

Айтып өтерлігі, мүлікті сақтандырғанда сақтандыру сомасы шарт жасалған уақыттағы құнымен есептеледі. Одан артық болмайды. Сондай-ақ, мүлікті сақтандыру туралы шарт жасасқан кезде сақтандырушы сақтандырылатын мүлікті қарап тексеруге және бағалауға, қажет болса оның шынайы құнын анықтау үшін сараптама тағайындай алады.

Тағы бір жайт, мүлікті және азаматтық-құқықтық жауаптылықты сақтандырудағы төлем сақтандырылған адамға келтірілген нақты зиянның мөл-

шерінен аспайды. Сақтандыру төлемін уақытында төлемеген, яғни, өз міндетін уақытында орындамағандарға осы кодекспен жауапкершілік көзделген. Төлемді жүзеге асырудың тәртіптері заң аясында жүзеге асырылады.

Сақтандыру құпиясы бар мәліметтер қатаң сақталады. Егер сақтандырушының оны жария еткенін білген жағдайда сақтандырылған адам келтірілген шығынды өтеуді, тиісті жағдайларда моральдық нұқсанның орнын толтыруды талап етуге құқылы. Сақтандырушы сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуі тиіс.

Сақтандыру шартының қандай жағдайда жарамсыз болатыны осы кодекстің 843-бабында көрсетілген. Мысалы, 1-бөлімнің 1-тармақшасына сай, соттың заңды күшіне енген тиісті шешімі негізінде тәркілеуге жататын, сондай-ақ, қылмыстық құқық бұзушылық нысаны болып табылатын мүлікке жасалған шарт жарамсыз. Сонымен қатар, сақтандырылған адам келісімінің болмауы, шарттың жазбаша нұсқасының сақталмауы, т.б. жарамсыздыққа әкеледі. Бұған қоса тиісті заң актілерінде сақтандырудың жекелеген түрлеріне қатысты шартты жарамсыз деп танудың өзге де негіздері көзделуі мүмкін.

Сақтандыру шарты жарамсыз деп танылған кезде сақтандырушы сақтанушыға одан алған сақтандыру сыйлықақылары мен сақтандыру жарналарын, ал сақтанушы сақтандыру төлемін қайтарады.

Жоғарыда айтқанымыздай, қоғамның дамуына орай, бүгінде азаматтар сақтандыруға баса мән беруде. Сақтандыру шарттарының көбеюі өз кезегінде даулы істер санының артуына себеп болары тағы анық. Мысалы, сақтандыру компаниялары сақтандыру сомасын

төлеуден немесе оларды өндіруден, тағы басқа міндеттемелерді орындаудан бас тартуы мүмкін. Мұндай жағдайда сақтандыру төлемін өндіруге қатысты дау-дамай өз-өзінен туындайды. Сондықтан, азаматтар сақтандыру шартына қол қоймас бұрын оны мұқият оқып, зерделеулері керек.

Сақтандыруға қатысты даулар санын азайту мақсатында Жоғарғы Соттың бастамасымен «Сақтандыру дауларының алдын алу» пилоттық жобасы іске қосылады. Осыған байланысты сақтандыру шарттарынан туындайтын сот даулары медиация жүргізуді талап ететін даулар санатына жатқызылды. Себебі, дауды ушықтырмай бейбіт жолмен шешу, даукестікті төмендету қазіргі күннің басты талаптарының бірі. Сондықтан, сақтандыру компаниялары да татулас-тыру рәсімдерінің дамуына белсенді түрде атсалысулары тиіс. Өйткені, өзара келісімге келу тараптарға дауды шешу уақытын қысқартуға, қаржылық шығындардан арылуға және іскерлік қатынастарды сақтауға мүмкіндік берді. Бұған қоса сақтандыру омбудсманы дауды сот тәртібімен шешудің баламасы ретінде әрекет етеді.

Азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін, бостандығын қорғауда соттар ең бірінші заңға сүйенеді. Ал, заңның дұрыс қолданылуы – әділ сот төрелігіне кепілдік етеді. Сондықтан, оларды біліп, күнделікті тірлікте қолдану, тек өзіңізбен қатар, өзгелердің де құқықтары мен бостандығына, заңды мүддесіне нұқсан келуіне жол бермейді.

Қазақстанның сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі туралы заңнама-сы ҚР Конституциясына негізделеді. Сондай-ақ, ҚР Азаматтық кодексі және «Сақтандыру қызметі туралы» заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Қабыл ДҮЙСЕНБИ,
Шымкент қалалық сотының баспасөз хатшысы:

«АШЫҚТЫҚ БАР ЖЕРДЕ ҒАНА ӘДІЛДІК БАР»

– Қабыл Тұрарұлы он жылдан бері сот саласында ақпарат бөлімінде еңбек етіп жүрсіз? Осы он жылда не өзгерді, сот саласындағы өзгерістерге қандай баға бересіз?

– Қазақ елі өзінің сан ғасырлық ұзақ тарихында заңға, тәртіпке аса мән берген. Оған дәлел ретінде «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» және Тәуке ханның «Жеті Жарғысын» айтсақ та жеткілікті. Міне, осындай аса маңызды заңдар қазақтың тарихында болғандығы бізге мұрағаттардан аян. Сонымен қатар, есте жоқ ескі замандарда билер сотының болғандығы, олардың шешімдері араздасқанды татуластырып, шекіскенді бітістіргені де анық. Демек, олар ата жолын үзбеген, салт дәстүрді сақтаған, өздерінің ғұрпын қастерлеп, елге әділ қызмет еткен. Яғни, біздің бұрынғы бабаларымыз өркениетті қоғам, құқықтық мемлекет болуға күш салған.

Еліміз егемендік алғаннан кейін осы бабалар жолын жалғастырып, Қазақстан да құқықтық жолға түсуді бастағаны белгілі. Еліміздің соттары соңғы жылдары бірнеше реформаларды іске асырды. Ондағы басты мақсат әділдікке қол жеткізу, туралықпен жүру, заңдарды жетілдіру деп есептеймін. Мысалы, осыдан он жыл бұрын сот бес сатылы болатын, яғни бірінші сатылы сот, екінші апелляциялық, кассациялық алқалар, облыстық соттың құрамында болған. Ал Жоғарғы Сот ол қадағалаушы ретін-



де жұмыс атқарған. Кейінірек 2016 жылы жаңадан заңдар қабылданып, сотымыз бес сатылыдан үш сатылыға өтті. Бір сөзбен айтқанда еліміз тәуелсіздік алғалы демократиялық істердің дамуы, сот жүйесін қайта құру, нығайтумен тығыз байланыста болды.

Қоғамның әлеуметтік-саяси өміріндегі өзгерістер мен жаңа экономикалық қаты-

настардың орын алуы азаматтардың Конституциялық құқықтарын қорғай алатын заңдылықтың, әділдіктің кепілі бола алатын сот жүйесін қалыптастыруды талап етті. Кейін де елімізде, яғни барлық облыстарда, облыс орталықтарында экономикалық соттың, әкімшілік құқықбұзушылықтар жөніндегі соттың және қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың құрылуы оған дәлел бола алады. Барлығымызға белгілі, 2015 жылы елімізде бес институттық реформаны жүзеге асыру мақсатында «100 нақты қадам» – Ұлт жоспары болған. Бұл Ұлт жоспарының негізгі қадамдарының бірі – тікелей сот жүйесіне қатысты екендігі де мәлім. Сол бір жылдың ішінде яғни, 2015–2016 жылдары сот жүйесінде үлкен өзгерістер болып, осы жоспарға сәйкес сол он қадамның барлығы жүзеге асырылды. Өкінішке қарай, көпшіліктің санасында сот тек жазалайтын, яғни айыптыны бас бостандығынан айыратын орын деген теріс ұғым қалыптасқаны өкінішті. Жалпы, соттың жазалаушы емес, сонымен қатар заң әділдігін сақтаушы, іске асырушы екенін санаға сіңіру үшін көп тер төгу керек. Бұл тұрғыда сот халықпен тығыз байланыста болып, көп насихат жұмыстарын жүргізу қажет деп есептеймін. Сол байланыс сотпен қоғамның шын мәнінде жалғасын тауып келе жатыр. Әрине, соттың жұмысы басқа салаларға қарағанда өзгереді, күрделірек. Соған қарамастан соттың халықтан жасыратын ешнәрсесі жоқ деп есептеймін.

– Сот жүйесіндегі ашықтық пен қолжетімділік принциптері Шымкент қалалық сотында қалай жүзеге асып жатыр?

– Бұрын да және қазір мемлекет басшылары сот жүйесінің ашықтығы мен оған халықтың қолжетімділігі туралы үнемі айтып жүр. Осы бағытта еліміздің сот жүйесінде қыруар жұмыс атқарылды деп айтуға болады. Мысалы, елімізде «Медиация туралы» заң 2011 жылы қабылданған болатын. Әрине, бұл заңның негізгі мақсаты дауласушы тараптарды бітімге келтіріп татуластыру, екі тарапты қанағаттандыратын нәтижеге қол жеткізу, яғни дауласушы екі тараптың

дауласушылық деңгейін төмендету болатын. Алғашқы кезде бұл заңды жұрттың түсінбегені белгілі. Өйткені, медиация деген сөздің өзі қазаққа түсініксіз болды. Соған байланысты халыққа заңды түсіндіру, оның артықшылықтарын тараптарға жеткізу бағыттарында көп жұмыстар атқарылды. Сол «Медиация туралы» заң бүгін жұрттың санасына сіңіп, тараптардың татуласуға келу әрекеттері арта бастады. Бір сөзбен айтқанда, жергілікті соттардың бәрінде медиация кабинеттері ашылып, жұмыс істей бастады. Сонымен қатар судьялар елді мекендерге барып, кәсіпорындарда болып, еңбек ұжымдарына лекция, дәрістер оқыды. Жергілікті соттарда көптеген дөңгелек үстел мәжілістері, семинарлар тағы да басқа түрлі жиындар өткізілді, оған медиаторлар, БАҚ өкілдері және басқа түрлі ұйымдардан азаматтар шақырылды. Осылай атқарылған жұмыс өз нәтижесін бірте-бірте беріп, сот медиациясындағы жетістіктер саны артты. Соңғы төрт жыл көлемінде татуласу бағытында көптеген жұмыстардың атқарылғаны белгілі. Бүгінгі біздің судьялар сол билердің жұмыстарын жалғастырып, кез келген дауламайды бітімгершілікпен шешіп, елдің бірлігі мен ынтымағын халқының татулығын сақтауға бар күш-жігерін жұмсап келе жатқаны анық. Татулық демекші, 1881 жылы Іле өзені бойындағы жәрмеңкеде тоғыз ақынды бірдей жеңген Құлмамбет Жамбылмен айтты. Осы айтыста Жамбыл: «Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт, ел бірлігін сақтаған татулықты айт. Қарынбайдай сараңдар толып жатыр, Оны мақтап әуре болмай, жөніңе қайт!» – деп аталы сөздер айтып, Құлмамбетті жеңгені бәрімізге белгілі. Сол секілді медиация түсінігі соңғы жылдары қазақстандықтардың өміріне көп өзгеріс әкелді. Ел бірлігі артып, татуласу, сөзге тоқтау мәселелері көбейді.

– Заңдарды насихаттау, сот жүйесіндегі осындай игілікті қадамдарды көрсетуде өзінің басқарып отырған ақпарат бөлімі қандай іс-шаралар атқарды? Сіздердің журналист есебіндегі ұстанымдарыңыз қалай?

– Алғаш сот саласына медиация түсінігі

енгенде біткен істердің көрсеткіші он пайыздан әріге аспайтын. Біз медиацияның насихатын жақсартуды қолға алып, соған белсене кірістік. Оңтүстік телеарнасынан «Сот және қоғам» деген бағдарлама ашып, сол телеарна арқылы бұл заңның артықшылығы мен жетістігін, соттардың, судьялардың осы бағыттағы ізденістерін көрсеттік. Ол хабарға судьялар, медиаторлар, заңгерлер келіп сөз сөйледі, оның ішінде алқа төрағалары да болды, аудандық сот төрағалары да қатысты. Міне, осындай тынымсыз еңбекпен түсіндірулердің арқасында бұл көрсеткіш бір жылдың ішінде он пайыздан отыз жеті пайызға көтерілді.

«Келісіммен сөйлесек ердің құны екі ауыз сөзбен бітеді, Келісімге келмей керісе берсек елден береке, ерден қадір кетеді» деген. БАҚ пен соттың бірлескен тынымсыз еңбегінің нәтижесінде бүгінде медиацияның тынысы кеңіді.

Бұдан бөлек, сот жүйесінің жұмысы, оның жаңалықтары мен жетістіктері, журналистерді қызықтырған сұрақтардың барлығына Шымкент қалалық сотының ұжымы үнемі жауап беріп отырады. Мемлекеттік ұстанымға сай, біздің негізгі мақсат – халықпен кері байланысты нығайту, халыққа жақын, ашық болу. Осы ретте, біздің сайт, әлеуметтік желідегі парақшаларымыздың барлығында халықпен кері байланысқа шығу тетіктері қосылған, судьялардың байланыс телефондары ашық көрсетілген. Төраға Ербол Мұқажанұлының өзі де күнделікті халықпен тығыз қарым-қатынаста. Әлеуметтік желідегі парақшаларын өзі міндетті түрде қадағалап, көпшілік тарапынан келген сауалдарға бірден, жедел жауап беріп отырады. Жұмыс өте ауқымды. Сот қоғамнан тыс бола алмайды.

Тарихқа сәл шегініс жасасақ, Шымкент қалалық соты 2018 жылғы 18 шілдедегі Мемлекет басшысының жарлығымен құрылған жаңа соттардың қатарында, қалалық соттың құрамында төрт аудандық сот және жаңадан құрылған алты мамандандырылған сот бар. Шымкент қалалық соты бұрынғы Оңтүстік Қазақстан облыстық сотынан бөлініп шыққаннан кейін бұрынғы дүние

мүліктің барлығы да Түркістан облыстық сотына тиесілі болды, ал қалада тек ғимараттар ғана қалды. Мінекей, осындай қиындықтардың бәрі еңсерілді. Шымкент қаласы бойынша соттар әкімшісінің басшысы Нұрсұлтан Төленұлы Байтілесов тынымсыз еңбектеніп, өзінің іскерлігінің арқасында соттар жұмысын бір күнге де тоқтатқан жоқ.

– Соттардың ашықтығы мен қолжетімділігі жайлы айтып жатырсыз. Соттардың қарапайым халықпен байланысу, кездесу ұйымдастыру реті қандай?

– Сот жеке дара шыққан алғашқы жылдары қалалық сотта тұрғындарды қабылдау орталығы ашылды. Ол енді жаңа форматта жұмыс істеп көпке үлгі көрсете бастады. Сонымен қатар, 2019 жылы біздің қалалық сотта ақпарат орталығы ашылып, жергілікті журналистерге қолайлы жағдай жасалды. Ақпарат орталығымызда көптеген кездесу, брифингтер өткізіледі. Қоғаммен байланыс күшеймесе, соңғы жылдары еш әлсіреген жоқ. Төраға тікелей қадағалауына алып, қоғаммен байланысқа шығып отырады, ақпараттың еш бұрмалаусыз, дәл жеткізілуін үнемі тапсырып жатады.

Өзіңізге белгілі, екі жылдай елімізде пандемия, төтенше жағдай да карантиндік кездер болды. Осы кездерде де біз БАҚ-пен байланысты үзбедік. Онлайн арқылы тығыз жұмыс істедік. «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» сот ашықтық пен нақтылық қамтамасыз етілген. Заман талабы осы. Ақпарат халықтан алыс жатпау керек. Бұл жағынан бізде барлық процестер дыбыс-бейне арқылы түсіріледі. Қалалық сот арасында міндетті түрде алқа төрағалары азаматтарды қабылдау күнін өткізеді. Бұл сотқа деген қолжетімділіктің жылдан жылға жақсарып келе жатқанының көрсеткіші. Бір сөзбен айтқанда, соттың ашықтығы болған жерде ғана әділдік болады.

– Әңгімеңізге рақмет.

Сұхбаттасқан
Ш.РАҚЫМҚЫЗЫ

«ЖЕДЕЛ ЖЕЛІНІ» ЖАНДАНДЫРУ УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Америкалық кинолардың бәріне ортақ бір сценарий бар. Қиындыққа тап болып, кез келген штатының елсіз мекенінде қалып қойған жалғыз адам, телефон соғып әлдебіреулерден көмек сұрайды. Артынша ізін суытпай жедел жәрдемі бар, шерифі бар, құтқару қызметі бар тайлы-тұяғы қалмай бірінен кейін бірі көмек көрсетуге келіп жетеді. Ол мейлі таудың ұшар басы болсын, не жердің асты болсын, не суда қалсын, келеді, көмек көрсетіледі. Бұл сюжеттер 911 жедел желісі жайлы.



**Әмір-Бек ШАЙМАҒАМБЕТОВ,
ҚР Журналистер одағының мүшесі,
ҚР ІІО Құрметті қызметкері,
отставкадағы полиция полковнигі**

Құтқару қызметінің жедел желісі АҚШ-та алғаш 1968 жылдың 16 ақпанында Алабама штатында, Хейливилл қаласында жұмысын бастаған. Кішкене қалада пайда болған жүйені 1972 жылы Федералды комиссия

911 нөмірін барлық штаттарда іске қосуды ұсынған. Дегенмен, 1980 жылдары ғана американдықтар атаулы нөмерге үйренісіп, пайдалана бастады.

Канадада 1959 жылдан бастап Британ-

дық құтқару қызметіне ұқсас 999 бірінғай жедел жәрдем желісі бар болатын. 1972 жылы Канада билігі американдық эксперименттің маңыздылығын мойындап, 911 нөмірін пайдалана бастады.

Осылайша жедел желі халықаралық мәртебеге ие болып, әлем елдері арасында таныла бастады. Қазіргі таңда «911» құтқару қызметі – мүмкіншілігі өте жоғары жүйе. Алты мыңнан астам басқару орталығы бар желіге қоңырау шалып, көмек сұраған адамның телефон номері, қоңырау шалған мекенжайы немесе тұрған жері оператордың дисплейінде автоматты түрде көрсетіледі. Бұл құтқару қызметін жеделдетуге мүмкіндік береді. Тіпті, жәрдем сұраушы қиын жағдайда қалып сөйлеу мүмкіндігі болмаса да керек көмек түрінің (жедел жәрдем, полиция, құтқару қызметі және т.б.) реттік нөмірін теріп үлгерсе болғаны, оператор жедел іске кіріседі.

Қазақстан Республикасында 2018 жылдан басталған «112 – Бірінғай кезекшілік диспетчерлік қызметі» пилоттық жобасы, 2023 жылға дейін сынақтан өтеді деп күтілуде. Бұл пилоттық жоба өз өміршеңдігін дәлелдесе, оны 2023 жылдан бастап республика көлемінде енгізу жоспарлануда. Жедел желі жұмысына қатысты қоғамда сан түрлі пікір бар. Бірі қолдаса, кемшілігін тізе айтатындар да жеткілікті. Көрсетілген кемшіліктер мен олқылықтар назарға алынды ма? Пилоттық жоба барысында қордаланған мәселелер ендігі бес ай мерзімде өз шешімін тауып, жоба күтілген нәтижені ақтай ала ма? Бұл алдағы күннің мәселесі.

«112 – Бірінғай кезекшілік диспетчерлік қызметі» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.Жұмағалиевтің төрағалығымен өткен 2018 жылғы 14 мамырдағы Кеңес хаттамасындағы ҚР Ішкі істер министрлігі, Қызылорда облыстық Ішкі істер департаменті, Цифрлық даму және аэроғарыш өнеркәсібі министрліктерімен бірлесіп қауіпсіздік саласындағы пилоттық жобасын жүзеге асыру бойынша тапсырмасына сәйкес сол кездегі Қызылор-

да облысы әкімінің орынбасары цифрландыру саласына жетекшілік ететін Е.Г.Кимнің төрағалығымен «112 – Бірінғай кезекшілік-диспетчерлік қызмет» пилоттық жобасын іске қосу үшін жұмыс тобы құрылып, тиісті іс-шаралар жүргізілді.

Сонымен қатар, «112 – Бірінғай кезекші-диспетчерлік қызметі» пилоттық жобасын өңірлерде ендіру үшін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, ҚР Цифрлық даму және аэроғарыш өнеркәсібі, Денсаулық сақтау, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктері арасында 2019 жылы бірлескен бұйрығы бекітілген болатын. Аталған пилоттық жоба еліміздің Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Атырау және Қызылорда облыстарында жүзеге асырылып жатыр.

Қызылорда облысындағы «112 – БҚДҚ» пилоттық жобасының негізгі мақсаты «101», «102», «103», шұғыл қызметтерін «112» бірінғай қызмет нөміріне біріктіру болып табылады. Аталған пилоттық жобаны іске асыру мақсатында Сыр өңірінде 2018–2019 жылдар аралығында кезең-кезеңімен облыстық бюджет есебінен жалпы сомасы 271 559 000 теңге қаражат бөлінген болатын.

Оның ішінде 2018 жылы 165 309 000 теңге қаражат пилоттық жобаны әзірлеуге, серверлерге арналған бөлмелермен жарақтандыруға, компьютерлік және серверлік жабдықтарға, SIP-телефондарға, гарнитураларға, бейне қабырға және «БҚДҚ – 112» жүйесі үшін резервтік үздіксіз қоректендіру сатып алуға және демалыс, ас ішу бөлмелерін жабдықтауға жұмсалды. 2019 жылы 106 250 000 теңге қаражатына Қызылорда облысына «Көмек-112» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі алынды.

Пилоттық жобаны іске асыруда орын алып отырған келеңсіз жайларды Қызылорда облыстық Қоғамдық кеңес мүшесі, белгілі қоғам белсендісі С.Теңізбаевтың бас-тамасымен Қызылорда облысы әкімдігінің мәжіліс залында өткен отырыста қаралды. Облыстық Қоғамдық кеңес Ә.Хожба-

новтың төрағалығымен өткен кеңейтілген мәжіліске ҚР Парламенті Мәжілісі төрағасының орынбасары Б.Кесебаева, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Б.Смағұл, ҚР Төтенше жағдайлар вице-министрі, ҚР ІІМ Ақпараттандыру және байланыс департаментінің басшылығы, ҚР Денсаулық сақтау вице-министрі, ҚР Цифрлы даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі, ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық министрлігінің басқарма басшысы, облыстық Қоғамдық кеңес мүшелері және аталған салаларға жауапты облыстық басқарма, мекеме басшылары қатысты.

Сонымен қатар, кеңес отырысында пилоттық жоба іске асырылғандағы күтілетін нәтижелер жайында сөз етілді. «Біріншіден, Қызылорда облысы бойынша шұғыл қызметтер шоғырландырылғанда 27 диспетчерлер саны 15-ке қысқартылып, жұмыс тиімділігі арттырылады. Екіншіден, азаматтар 112 желісіне қоңырау шалу арқылы әрбір қызметке жеке-жеке қоңырау шалуды қажет етпейді. «101», «102» нөмірлеріне қоңырау түскен жағдайда автоматты түрде 112 қызметіне түседі. Үшіншіден, келіп түскен қоңыраулардың қажеттілігіне қарай бір мезетте автоматты жүйе арқылы барлық қызмет түрін оқиға орнына кешенді жіберуге мүмкіндік туады. Төртіншіден, GPS арқылы қоңырау шалушы орналасқан орынға ең жақын экипажды немесе бригаданы жіберуге мүмкіндік туады. Бұл көмек көрсету уақытының тиімділігін арттырады. Бесіншіден, автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы шұғыл қызметтердің қоңырауларды қабылдау процесі орталықтандырылып, есептік цифрландырылды. Сондай-ақ, әр шұғыл қызметтің жұмысы ашықтыққа әкеледі» деп жазылған ұсынылған ақпаратта.

Пилоттық жоба жұмысымен танысып, процесті көзбен көру мақсатында Қызылорда облысы әкімі аппаратының «Жедел әрекет ету орталығы» КММ-де болдым. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 13 тамыздағы №555 қаулысына

сәйкес, Қызылорда облысы әкімі аппаратының «Жедел әрекет ету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 112 – Бірыңғай кезекшілік диспетчерлік қызметінің «Комек-112» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі «Ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілері» тізіліміне енгізілген болса да есік алдынды арнайы мамандандырылған күзет қызметінің болмауы көзге бірден түсті.

«Кіремін, шығамын» деген адамға ешқандай тосқауыл, «әй дейтін әже, қой дейтін қожа жоқ», емін-еркін. Сондықтан, ақпараттық қоғамда ақпараттан артық ресурс жоқ екенін ескере отырып, стратегиялық маңызы бар, террористік актілерге осал объектілер қатарына жатқызып, арнайы күзет қызметімен қамтамасыз етілу қажеттілігін ұсынамын.

Жыл басында орын алған «Қаңтар оқиғасы» барысында атаулы мекемеде орналасқан бірнеше диспетчерлік қызметтен 102 желісіне жауапты санаулы азамат жұмыс орнында қалған. Соның салдарынан содырлар мен басбұзарлар ішке кедергісіз кіріп, жараланып ауруханаға түскен және мәйітханаға жеткізілген жақтастары жөнінде қажетті ақпаратқа қол жеткізді деген мәлімет бар.

Менің ойымша, қандай жағдай болмасын төтенше жағдай кезінде ақпарат орталығы қорғауда болуы тиіс. 2022 жылдың 5-7-ші қаңтары күндері көмек сұраған облыс және қала тұрғындарынан 4,5 мыңнан аса әртүрлі қоңырау түскенімен, қоғамдық тәртіппен жедел жәрдем және төтенше жағдайларға жауапты мемлекеттік қызметтер ешқандай көмек көрсетпей, тұрғындар тарапынан түскен қоңыраулар жауапсыз қалған. Бұл жасырып-жабуды қажет етпейтін шындық.

Қауіпсіздік жайлы «Жедел әрекет ету орталығы» КММ директоры О.Өтебеков «Бүгінгі күні аталған бағыт бойынша «Жедел әрекет ету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тарапынан жүргізілген талдау нәтижелеріне сәйкес, Ақпарат-

тық қауіпсіздіктің жедел орталығын құру штатта ақпараттық қауіпсіздіктің жоғары білікті мамандарының болуымен және ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталығын қымбат бағдарламалық, аппараттық қамтамасыз етумен жарақтандыру қажеттілігімен ұштасатын, бюджет үшін күрделі, шығынды жұмыстардың бірі болып табылады. Осылайша «Транстелеком» АҚ және «Ұлттық Ақпараттық Технологиялар» АҚ және т.б. мекемелерімен жұмыстар жүргізіліп, коммерциялық ұсыныстар алынды. Аталған ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталығын құру үшін облыстық бюджет есебінен қаржыландыру мақсатында тиісті бюджеттік өтінім берілді», – деді.

Одан бөлек «Жедел әрекет ету орталығы» КММ-нің облыстық «Медициналық жедел жәрдемі стансасы» мекемесі ғимаратының бір бөлігінде отырғаны да көңілге қаяу салады. Бұл мәселеге қатысты қазіргі Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасына бірнеше мәрте хаттар жолданған. Алайда, Экономика және қаржы басқармасы болса бүгінгі күні бос ғимараттың жоқтығын алға тартады.

«Ішкі заңдарын да» көзбен көрдік. «103» диспетчерлік қызмет мамандарына біршама жағдай жасалса, қалған қызмет салаларының операторларының тынығу, тамақ ішу бөлмелерінің жағдайы сын көтермейді. 2021 жылдың қаңтарынан бастап шұғыл сипаттағы қоңырауларды қабылдау және өңдеу үшін «БҚДҚ-112» қызметінің 36 диспетчері төрт ауысыммен 24/7 режимінде 101,102,112 шұғыл қызметтердің қоңырауларын қазіргі уақытқа дейін қабылдауда. Алайда, «112 – БҚДҚ» қызметімен 103 желісі бойынша 01.12.2021 жылдан бастап қоңырауларды қабылдау уақытша тоқтатылғаны белгілі болды. Бұл жайлы мекеме басшысы «Қызылорда облыстық медициналық жедел жәрдем стансасы» ШЖҚ КМК 2022 жылғы 7 қаңтарынан бастап жаңа «АДИС» ақпараттық жүйесіне көшуіне байланысты, «112 – Бірыңғай кезекшілік диспетчерлік қызметі» жобасының «Комек – 112» автоматтандырылған ақпа-

раттық жүйесімен ықпалдастығы болмауына сәйкес «Бірыңғай кезекшілік диспетчерлік қызметі – 112» пилоттық жобасы толыққанды жұмыс жасамай тұрғанын хабарлаған. Аталған мәселе «Комек-112» ақпараттық жүйесі мен «АДИС» ақпараттық жүйесі арасындағы ықпалдастығын (интеграция) жасау арқылы шешілетіндігін жеткізген.

Енді сандарды сөйлете отырып, пилоттық жобаның кемшілігін көрсетейік. Пилоттық жоба аясында сараптамадан өткен жылдық, тоқсандық есеп көрсеткіштері Smart City тұжырымдамасының «ақылды қалалар» эталондық стандартының «қауіпсіздік» саласы бойынша жыл, тоқсан сайынғы есептіліктерді Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне жолданған статистикаға сүйенсек 2021 жылы 101 желісі бойынша – 1 217, 102 желісі бойынша – 41 540, 103 желісі бойынша 505 469, 112 желісі бойынша – 1 623 қоңырау келіп түсіп, «112 – Бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызметіне» 2021 жылы барлығы 549 849 қоңырау келіп түскен. Енді осы тұста жедел желіге түскен 550 мыңдай қоңыраудың 500 мыңнан астамы 103 қызметіне келіп түскенін ескере отыра, пилоттық жобадан тыс жұмыс істеуге жол берген жандардың әрекеті пилоттық жоба жұмысын ілгерілетуге қосқан үлесі ме, әлде «өзім білемінге» салып, кері тартушылық па? Биылғы көрсеткішті қоса назарыңызға ұсынсақ. 2022 жылдың қаңтар-маусым аралығында (01.01.2022 – 30.06.2022) «112 – Бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызмет» шұғыл қызметіне барлығы 68476 қоңырау түсіп, өңделген. Оның ішінде өрт сөндіру қызметі бойынша (101) – 993 шақырту, құқық қорғау органдарына (102) – 58533 шақырту, төтенше жағдайлар қызметіне (112) – 277 шақырту түскен. Сондай-ақ, 112 желісіне медициналық сипаттағы жедел жәрдем қызметі бойынша 8673 қоңырау келіп түскен. Атаулы мекеменің барлық қауіпсіздік шаралары мен тиісті техникалық жабдықтармен қамтылған ғимаратпен

қамтамасыз ету және 103 желісін біріктіру мәселесі әлі күнге дейін өз шешімін таппағанын жаңадан тағайындалған Қызылорда облысы әкімі Н.М.Нәлібаевтың назарына ұсынуды жөн санаймын.

«112 – Бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызметіне» қабылданған инспектор операторлардың орташа жалақысы жөніндегі мәліметтер жайлы сұрағанымызда, «Жобаны тиімді іске асыру мақсатында мекемеге диспетчерлік қызметке жұмысқа Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 1193 қаулысына сәйкес «С-3» (орта буынды медициналық білімі бар қызметкерлер айлық лауазымдық жалақысы – 72050 теңге) санатымен қабылданады. Бұл өз кезегінде «БҚДҚ – 112» қызметіне медициналық білімі бар азаматтарды жұмысқа қабылауда қиыншылық тудыруда. Себебі, 112 – Бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызметіне қабылданған операторлардың орташа жалақысы 100-120 мың теңгені құраса, осы қызмет типтес Жедел жәрдем стансасының оператор-диспетчерлерінің орташа жалақысы 250-280 мың теңгені құрайды.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігімен «БҚДҚ – 112» қызметіне қатысты «Бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік «112» қызметі туралы үлгілік ережені бекіту туралы», «Бірыңғай кезекші-диспетчерлік – 112» қызметі мен Қазақстан Республикасының аумағындағы кезекшілік диспетчерлік қызметтердің қызметін үйлестіру қағидаларын бекіту туралы» құжаттары дайындалуда. Осыған орай медициналық білімі бар жоғары дәрежелі, тәжірибелі мамандарды «БҚДҚ – 112» қызметіне тарту және №1193 қаулысының №5 қосымшасына сәйкес жалақыны 1,5 есе арттыру мақсатында «Медициналық қызметке лицензия» (консультациялық-диагностикалық көмек, дәрігерге дейінгі кеңес беру) алуы қажет етіледі» деп жауап берді «Жедел әрекет ету орталығы» КММ-нің директоры О.Өтебеков.

Осы тұста бастаманы қолдай отыра, қалған операторлардың да жалақы жағдай-

ын арттыру керек деп санаймын. Жалақы көлемі артуымен қатар жауапкершілік деңгейі артатыны да адами фактор. Сондай-ақ, операторлардың кәсіби ерекшелігін де ескерген абзал секілді. «112», «101», «102», «103» желілерінде қызмет ететін диспетчерлердің кәсіби біліктілігі туралы жолдаған журналистік сауалыма «Қазіргі уақытта «112» қызметінің диспетчерлерін арнайы даярлау бағдарламасы болмағандықтан, персоналдың біліктілігін арттыру қажет етіледі. Осыған сәйкес, шұғыл қызметтердің қоңырауларын қабылдау барысында орын алатын қателіктерді жою, инспектор операторлардың 103 желісі бойынша қоңырауларды қайта қабылдау және мамандардың тәжірибелерін арттыру үшін Нұр-Сұлтан қаласындағы Медициналық университет жанындағы Оқыту орталығы тарапынан «Мамандарды кешенді даярлау «101,102,103,112» бағдарламасы әзірленді. Әзірленген оқу бағдарламасына сәйкес, аталған кешенді даярлау орталығынан коммерциялық ұсыным алынып, облыстық бюджет есебінен қаржыландыру мақсатында тиісті бюджеттік өтінім берілді. Сондай-ақ, облыстық полиция департаменті мен Төтенше жағдайлар департаментінің әріптестері тарапынан «112» диспетчерлерімен жиі тәжірибе алмасу ұйымдастырылуда», – деген жауап берілді. Осы тұста адам өміріне жауапты жедел қызмет салаларының операторларының білімі мен біліктілігі, өмірлік тәжірибесі өте маңызды рөл атқарады. Жоғарыда көрсетілген олқылықтарды ескере отырып, «112 – Бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызметі» пилоттық жобасының жұмысының жүйеленуіне ықпал ету үшін әр қызмет сала бойынша жауапты мамандар бірігіп жұмыс істеу қажет. Дана халқымыздың «Бес саусақ бірікпей, ине ілікпейді» деген бірлік тұрғысындағы тәмсілге сүйене отырып, басқа өңірлердің тәжірибесін біріктіре, адам өміріне тікелей байланысты, маңызды жобаны іске асыруды Үкімет тарапынан қатаң бақылауға алынып, үйлестіру қажет деп ойлаймын.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЗАЛАЛ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК КҮШЕЙДІ

Еліміздің қоршаған ортасына зиян келтіргендер енді қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Егер олардың бұл әрекеті дәлелденсе 3 жылға дейін бас бостандығынан айырылатын болады. Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында бірінші мақұлданған «Қазақстан Республикасының Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстеріне экологиялық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылықты күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасының негізгі жаңалықтарының бірі осы.



Жаңа құжаттар бойынша баяндама жасаған Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Серікғали Брекешевтің айтуынша, бұл шешім ерекше қорғалатын табиғи аумақтың өнеркәсіптік, тұрмыстық немесе өзге де шығарындылармен немесе қалдықтармен бітелу, улану, ұзақ мерзімді пайдаланушылардың жерді ластауы немесе өзге де бүліну фактілеріне байланысты қабылданды. Осыған орай қолданыстағы Қылмыстық кодекстің жазаның бұлтартпас-тығын қамтамасыз ету және жер қойнауын заңсыз өндіруге жол бермеу мақсатында Қылмыстық кодекстегі 334-баптың 1-бөлігінде айқындалған әрекеттер қылмыстық теріс қылық санатынан қылмысқа ауыстырылды. Осылайша қоршаған ортаға залал келтіргендерге 3 жылға дейін бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны енгізу арқылы санкция күшейтіледі. Осы баптың 2-бөлігінің санкциясы да 3 жылдан 4 жылға

бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны қатаңдату арқылы өзгертілді. Осы баптың 1-бөлігінің диспозициясына өзгерістер енгізіліп, қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамын қалыптастыру үшін келтірілген залал мөлшерінің шегі, яғни ірі мөлшерден елеулі залалға дейін төмендетілді. 3-бөлімде ерекше қорғалатын табиғи аумақта аса ірі залал келтіргені үшін жазаның неғұрлым қатаң түрін қарастыру ұсынылады.

Қазақстанның ұлттық парктері мен басқа да табиғи байлықтарын қорғау мақсатында экологиялық залал келтіргені үшін жауапкершілікті күшейту мақсатында ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне де бірқатар өзгерістер енгізіліп отыр. Оның бірі сүрек дайындау және тасып әкету, құрғату кезінде орман пайдаланушылардың өрт қауіпсіздігі қағидалары мен санитариялық қағидаларды сақтамауы себебінен орман алқаптарында орман өрттерінің және

зиянкестер ошақтарының пайда болу фактілері жыл сайын артуына байланысты жасалды. Себебі, Қазақстан орманы аз ел. Республика аумағының небары 5 пайызы ғана осындай алқапқа тиесілі екен. Сондықтан ормандарды сақтау мақсатында орман пайдаланушылардың жауапкершілігін күшейту қажет. Жаңа құжатта Әкімшілік кодексінің 368-бабының 2-бөлігінде «Кеспеағаш қорын пайдаланудың, сүрек дайындау мен әкетудің, шайыр мен ағаш шырындарын, қосалқы орман материалдарын алудың белгіленген тәртібін бұзу» ерекше қорғалатын табиғи аумақта жасалған іс-әрекеттер үшін айыппұл сомасы ұлғайтылады. Ұлттық парктарды қатты тұрмыстық қалдықтармен ластаудың өзекті машақатқа айналуына байланысты орман фаунасын жою немесе бүлдіру, сондай-ақ орманды қалдықтармен, химиялық заттармен бүлдіру, ластау және орман қоры жерлеріне өзге де залал келтіргені үшін айыппұлдар мөлшері өспек. Соңғы жылдары ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жекелеген түрлерінде жеке тұлғалардың болу тәртібін бұзу жағдайларының саны күрт өсті. Егер 2017 жылы барлығы 41 құқықбұзушылық жасалса, 2020 жылы пандемияға қарамастан тоғыз жүзден астам адам жауапкершілікке тартылған. Осыған байланысты заң жобасында айыппұл мөлшерін 2 АЕК-тен 5 АЕК-ке дейін ұлғайту көзделіп отыр.

Қазіргі уақытта Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың режимін бұзғаны үшін жауапкершілік қарастырылмаған, алайда Қылмыстық кодексте көзделген. Осыған байланысты Әкімшілік кодекс «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар режимін бұзу» бабымен толықтырылды. Осы бап бойынша жауаптылық ерекше қорғалатын табиғи аумақтар режимін елеулі залал келтіру арқылы бұзған жағдайда туындайды. Бұл бапты ЕҚТА режимін бұзу жағдайларында, бірақ қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаған жағдайда қолданылатын болады. Қылмыстық кодекске: заңсыз ағаш кесудің тұрақты динамикасын ескере отырып, Заң жобасымен елеулі залалды 100-ден 50 АЕК-ке дейін, ірі залалды 1000-нан 500 АЕК-ке дейін төмендету ұсынылды.

Тағы бір жаңалық, «экологиялық залал» термині «залал» деген ұғыммен ауыс-

тырылды, өйткені қылмыстық заңнамада құқықтық анықтамасы жоқ. Қоғамдық қауіпті зардаптарды анықтауға қатысты ұғымдар Қылмыстық кодексте «ірі залал және ірі мөлшерде» және «ерекше ірі залал және аса ірі мөлшерде» деп бекітілген. Сондай-ақ, экологиялық залал келтіргені үшін жауапкершілікті күшейту мақсатында жоғарыда айтып кеткеніміздей 3 жылға дейін бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны енгізу арқылы санкция күшейтілді.

Заң жобасы талқыланған кезде депутаттар осы «экологиялық залал» ұғымының «залал» ұғымына ауыстырылуына байланысты алаңдаушылық білдірді. Мәселен депутат Ердос Абақановтың айтуынша, бұл шешім экологиялық ауыр құқықтық салдарға әкелуі мүмкін. Бұл орайда ол экологиялық залал деген ұғымның құқық бұзушы әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылғанына қарамастан өз есебінен ремидиацияны жүзеге асыруға міндеттейтініне назар аудартқан еді. Экологиялық кодексте айқындалған талап бойынша ремидиация дегеніміз табиғи компоненттерге келтірілген зиянды зиян келтіруші өз есебінен қалпына келтіруді көздейді. Сондықтан, «экологиялық залал» ұғымын ауыстыру Қылмыстық кодексте айқындалып отырған талапқа сәйкес мүлдіктік залал үшін айыппұл төленді деген сылтаумен жекелеген табиғат пайдаланушылардың болашақта ремидиациядан бас тартуына мүмкіндік береді. Алайда, аң жобасын жасаушы құзырлы ұйым өкілдері бұл қауіпті теріске шығарды. Олардың айтуынша, «экологиялық залал» деген ұғымды «залал» деген сөзбен ауыстыру жөніндегі ұсыныс Қылмыстық кодексте экологиялық залал ұғымының болмауына байланысты жасалды. Бірақ Қылмыстық кодекстің үшінші бабында атап өткендей ірі залал, елеулі залал деген ұғымдар қарастырылған. Сол ұғымдардың арасында экологиялық деген ұғым бар. Ол Экологиялық кодекстің аталмыш ұғымына сілтеме жасайды. Соған сәйкес егер азамат немесе заңды тұлға қылмыстық немесе әкімшілік құқықбұзушылық жасаса ремидиациядан босатылмайды. Жалпы, қылмыстық жауапкершілік немесе әкімшілік жауапкершілікке тарту ремидиациядан босатуды білдірмейді.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА

ЭЛЕКТРОНДЫҚ СЕРВИС ЕЛГЕ ЖАҚТЫ

Соңғы жылдары сот жүйесіне ақпараттық технологиялар қарқынды енгізіліп келеді. ҚР Жоғарғы Соты тарапынан 2014 жылы енгізілген «Сот кабинеті» ақпараттық сервисі де бүгінде табыс-



ты жұмыс жасап жатыр. Осы сервис арқылы арыз, өтініштер сотқа тапсырылып, қылмыстық, әкімшілік істер электронды жолданып, қаралуда.

Сервис халықтың уақытын үнемдей отырып, ғаламтор көзіне қосылған кез келген әлемнің нүктесінен сотқа онлайн жүгінуге жол ашады. Аталмыш сервис сот органдарының «Төрелік» ақпараттық сервисімен тікелей байланыстырылған. Судья сот актілеріне электронды санды қолтаңбасын қойған жағдайда, сот шешімдері «Сот кабинеті» сервисіне жүктеледі. Сервис қолданушылары іс бойынша сот өндірісін бақылап, электронды сот актілерімен танысып, оларға шағым түсіре алады, басқа да өтініш-талаптар ұсынып, өзіне іс бойынша қажетті барлық мәліметтерден хабардар болады.

Сот жүйесін оңтайландыру мен қолжетімділігін арттыру мақсатында Жоғарғы

Сот бастамасымен енгізілген сервистер соттардың ресми сайттарында орналастырылған. Яғни, «Сотқа шақыру қағазы», «Сот кабинеті», «Сот құжаттарымен танысу», «Сот істерін қарау кестесі» және т.б. сервистер толығымен халыққа қызмет көрсетіп жатыр. Сот мамандары қолданушыларға «Сот кабинеті» сервисімен жұмыс жасау жолдарын үнемі түсіндіріп келеді.

Сонымен қатар, «Төрелік» сот органдарының ақпараттық сервисі атқару өндірісі органдарының ақпараттық жүйесімен жүйеленіп, заңды күшіне енген сот актілерін орындау мақсатында берілетін орындау парақшалары қазіргі таңда электронды түрде сот орындаушыларына жолданады.

«Сот кабинеті» сервисінде сот отырыстарының дыбыс-бейне таспаларын алу қызметі де жұмыс жасап тұр. Елбасының «100 нақты қадам» – Ұлт жоспарында» берілген тапсырмалардың бірі – сот залдарында сот отырыстарын міндетті дыбыс-бейне таспаға жазуды міндеттейді.

Ақтөбе қаласында орналасқан барлық соттар қазіргі уақытта 100% дыбыс-бейне таспаға жазатын құрылғылармен қамтылған. Осы бағыт заңмен бекітіліп, Қылмыстық-процестік кодекстің 347, Азаматтық-процестік кодекстің 282-баптарында құқықтық тұрғыдан реттелген. Яғни, барлық сот отырыстарының дыбыс-бейне таспасы сот талқылауын толыққанды жазу, азаматтық, қылмыстық сот өндірісінде, әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша сот өндірісіндегі нақты дәйектерді анықтау мақсатында қолданылады. Әрі бұл бағыттағы жұмыс сот отырысына қатысушы жақтардың тәртіпке келуін реттейді.

Кез келген даулы мәселе туындаған жағдайда тараптар дыбыс-бейне таспаны талап ете алады. Сондай-ақ, сот отырыстарын дыбыс-бейне таспаға жазу арқылы судьялар мен сот мамандарының атына келіп түсетін орынсыз айыптаулардан арылуға мүмкіндік туды. Сот отырыстарының хатшылары уақыттарын үнемдеп, ұзын-сонар хаттамалар жазудан, ең бастысы, қағазбастылықтан арылды. Сот жұмысына және жаңа азаматтық-процестік кодекске енгізілген жаңашылдықтар сот өндірісін автоматтандырып, сот төрелігін іске асыруды жеңілдетіп, жүйеледі.

«Төрелік» сервисі арқылы әкімшілік құқық бұзушылық істер бойынша заңды күшіне енген сот актілерінің сақтандыру компанияларына электронды түрде жолданатынын да атап өткен абзал. Жол-көлік оқиғаларына тап болған адамдардың уақыттары үнемделіп, оларға сот тарапынан қызмет көрсету онлайн түрде жүзеге асады.

Соттағы ақпараттық технологияларды қолданудағы тағы бір жетістік деп сот отырыстарын қашықтан бейнеконференц байланыс арқылы өткізу мүмкіндігін де

атап өтуге болады. Сот отырыстарын «Сот кабинеті» сервисінде орналасқан «Талдау» форумында іске асырып, жұмыс жасалып жатқанына да көп уақыт болған жоқ. Осыған қарамастан, аталмыш сервис жұмыс барысында тиімділігін көрсетті. Бұл форум судьялар жұмысын анағұрлым жеңілдетті. Сот төрелігін іске асыру барысында судьялар өндірісіндегі істер бойынша аталмыш санаттағы істерге қатысты сот практикасының қорытындысы мен Жоғарғы Соттың нормативтік актілері жүйеленіп, көмекке келеді.

Сот актілерінің қолжетімділігі мен ашықтығын айқындайтын, құқықтық жүйемен қамтылған сервистер сотқа қатысушы жақтардың, адвокаттардың өздеріне қажетті ақпараттармен қамтылып, жалпы, халықтың құқықтық мәдениетінің артуына септігін тигізді.

Істерді бейнеконференц байланыс арқылы уақытылы қарау мүмкіндігі де тиімділігін көрсетті. Бұл тергеу изоляторы мен бас бостандығынан айыру орындарында отырған сотталғандарды сот ғимаратына әкелмей, қашықтан сот отырысын өткізудің таптырмас оңтайлы құралы бола білді. 2021 жылы Ақтөбе қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында 17 сот отырысы бейнеконференц байланысы арқылы өткізілген.

Бүкіл әлемдегі пандемия кезінде электронды сот өз тиімділігін көрсетті. Сотта қаралатын барлық істер электронды түрде жіберіліп, Смарт сот, TrueConf, Watsapp желісі арқылы онлайн қаралып, арыз, шағымдар, істер өз шешімін тапты.

Сот жүйесіне енгізілген ақпараттық-технологиялық сервистердің бүгінгі көрінісі азаматтардың, жалпы, қоғамның жүйелі негізде құқықтық мүдделерін іске асырудың таптырмас құралына айналды.

Анар УРАШЕВА,
Ақтөбе қаласы Әкімшілік құқық
бұзушылықтар жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық
сотының кеңсе меңгерушісі

САНИТАРЛЫҚ АЙМАҚ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛДІ



ҚР Су кодексі
22-бабы
1-тармағына сәй-
кес, «Су ресурста-
ры – Маркетинг»
ЖШС су шаруа-
шылық ұйымдары
қызметімен, су-
ларды реттеумен,
жеткізумен, ауыз
сумен қамтамасыз
етумен, ағынды су-

ларды бұрумен және су объектілерін пайдаланатын, оларға қызмет көрсететін бірден бір заңды тұлға.

ҚР Су кодексінің 1-бабы 24-тармағына сәйкес, «Су ресурстары–Маркетинг» ЖШС-ге су шаруашылық жүйесі қызметін атқару барысында, өз қарамағына толығымен біртұтас су шаруашылық ұйымы кіреді. Су шаруашылық ұйымына, барлық су шаруашылық жүйелер мен құрылыстар, және де жер астында орналасқан су және кәріз құбырлары жатады, және олардың құқықтық жағдайлары заң және нормативтік актілермен қорғалады.

ҚР Су кодексінің 80-бабының 1,2-тармақтарына сәйкес, су шаруашылығы ұйымдарының қызметіне қойылған талаптарға байланысты, су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарының тиісті техникалық жай-күйін қамтамасыз етуге, су

объектілерінің ластануын және сарқылуын, судың зиянды әсерін болғызбайтын шаралар қолдануға жауапты болғандықтан, «Су ресурстары–Маркетинг» ЖШС өз талап арыздарын осы заңға сүйене отырып береді.

«Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және құрылысын салу» ҚР ЕЖ 3.01.-101.2013 сәйкес, су және кәріз /канализация / құбырларының осьтерінен қандай да бір құрылыс нысанына дейінгі ара қашықтық 5 метрден кем болмауы тиіс, себебі бұл су қорғау белдеуі болып саналады, және де ол су құбырлары мен су тазалау құрылыстарының санитарлық жағдайын қамсыздандырады. Бұл белдеуде біздің кәсіпорын «Су ресурстары–Маркетинг» ЖШС үнемі апатты орнына келтіру

үшін, күрделі және кезекті жөндеу жұмыстарын жүргізеді.

«Тассай» сауда кешенін (супермаркет) салу кезінде жауапкердің қолында жер учаскесінің топографиялық түсірілімі болды, онда учаскеде біздің кәсіпорынның су құбыры желілері өтіп жатқаны анық көрінеді. Сондықтан, жауапкер өз қалауы бойынша жер учаскесіне билік ете отырып, Жер кодексінің осы талаптарын орындауға міндетті болды.

Бұдан басқа, Тассай ауылы әкімдігінің 23.10.2002 ж. №154 «Шайхана құрылысы үшін Орынбаев Мамытқа жер учаскесін сату туралы» шешімінің 3-тармағына сәйкес, осы аумақ бойынша өтетін су құбыры және кәріз желілерінің санитарлық-қорғау жолағын сақтау туралы міндеттеме бар.

Сонымен қатар, Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам аудандық сотының 03.09.2002 ж. №2-841-02 іс бойынша шешімімен жауапкер М. Орынбаев Шымкент-Алматы тас жолындағы Тассай ауылында орналасқан кафетерий мен шай (кемпинг) құрылысын мәжбүрлеп бұзу жолымен су құбыры мен кәріз желілерінің санитарлық қорғалуын қамтамасыз етіп, су қорғау аймағын бастапқы күйіне келтіруге міндеттелді.

Сондай-ақ, «Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС-ның 03.08.2021 жылғы №21-1517 өтінішіне «Шымкент қаласының қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы» ММ-не «Қаратау ауданы, Шымкент қаласы, Жібек Жолы көшесі мен Бабаһұлы көшесінің қиылысында орналасқан объект бойынша 10.10.205 жылғы №279 пайдалануға қабылдау актісі тіркелді» деген жауап алынды. О. Мамытбекке тиесілі жер учаскесінің нысаналы мақсаты – «Шайхананың құрылысы» болғанымен, қазіргі уақытта «Тассай» сауда кешені (супермаркет) толыққанды жұмыс істейді. Ал, жоғарыда аталған мекенжай бойынша стратегиялық маңызы бар Д 1200 мм және Д 800 мм су құбыры желілері өтеді.

«Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС-нің бұл су құбыры желілері мегаполис тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ететін негізгі және стратегиялық маңызды құбырлар болып табылады. Су құбыры желілерінің

санитарлық қорғау жолағы бұзылуына қарамастан, «Тассай» сауда кешені (супермаркет) осы учаскеде салынған жалғыз күрделі құрылыс болып табылатынын ескере отырып, осы су құбыры желілеріне келтірілген залал мегаполис тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету қауіпсіздігіне әсер етуі мүмкін екенін мәлімдеген.

«ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі № 242 заңының 58-бабы 1, 3-тармақтарына сәйкес, санитариялық-қорғаныш аймағының мақсатына қарай оның параметрлері және оған қойылатын талаптар көрсетілген объектілердің жұмыс істеуінің өнеркәсіптік қауіпсіздігі жөніндегі техникалық регламенттермен, сондай-ақ халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы және жануарлар дүниесі, қоршаған ортаны қорғау, сәулет, қала құрылысы және құрылыс, азаматтық қорғау саласындағы мемлекеттік нормативтермен белгіленеді.

Санитариялық-қорғаныш аймағын күтіп ұстау жөніндегі міндеттер ол арналған объектілердің меншік иелеріне жүктеледі.

Даудың туындауынан басқа даудың мән-жайларынан келіп шығатыны, «Арман» ЖК жүргізген 2020 жылғы 10 желтоқсандағы тексеру актісінің негізінде жауапкер М. Орымбай Шымкент қаласы мекенжайы бойынша орналасқан жер учаскесінде болған кезде, Таскен тұрғын алабы, Бабаһұлы көшесі, кадастрлық нөмірі № 19-295-125-028, су құбыры желісінің диаметрі 800 мм-1200 мм, олардан 1-3, 5 метр қашықтықта «Тассай» сауда кешенін (бұдан әрі - даулы объект) салды.

«Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС-нің 2020 жылғы 10 желтоқсандағы берген анықтамасымен «су ресурстары – Маркетинг» ЖШС-нің теңгерімінде 800 мм-ден 18771 п/м фосфор, 1000-4772 п/м Болат (Жібек жолы бойынша) суағары бар екендігі расталады. Түгендеу № 900109567, пайдалануға берілген күні 1976 жылғы 1 ақпаннан бастап. Сондай-ақ, «Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС-нің балансында АКВ-дан №2 алаңға дейін суағар тұр, 1200 мм –

18425 п/м, 1000 мм – 9023 п/м Болат (Жібек жолы бойынша, Алматы трассасы). Түгендеу №900109566, пайдалануға берілген күні 1991 жылғы 1 желтоқсаннан бастап.

Бұл ретте Тассай ауылдық округі әкімінің 2002 жылғы 23 қазандағы №154 шешімімен Орынбаев Мамытқа шәйхана құрылысы үшін Таскен ауылы, Жібек Жолы даңғылы мекенжайы бойынша орналасқан ауданы 467 шаршы метр жер учаскесі берілді.

Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам аудандық сотының 2002 жылғы қыркүйектегі шешімімен «Су ресурстары–Маркетинг» ЖШС-нің талап-арызы қанағаттандырылды. Жауапкер М.Орынбаевты Шымкент-Алматы тас жолындағы Таскен кентінде орналасқан кафетерий мен шәйхана (кемпинг) құрылысын мәжбүрлеп бұзу жолымен су қорғау аймағын бастапқы күйіне келтіруді міндеттеу шешілді.

Осыған қарамастан, мемлекеттік қабылдау комиссиясының актісімен пайдалануға қабылдауға ұсынылған Шәйхана пайдалануға қабылданды және 2005 жылғы 10 қазандағы шешіммен №279 болып тіркелді. Талап – осы учаскеде диаметрі 1200 мм және диаметрі 800 мм су құбыры желісі болған кезде, тиісінше, жауапкер санитарлық нормалар мен ережелерді бұза отырып даулы объект салғанына байланысты болды.

«Су ресурстары–Маркетинг» ЖШС жауапкерге жоғарыда аталған заңдардың талаптарын бұзу туралы ескерткен. 16.03.2021 ж. №21-576 жазбаша шағымына қарамастан, жауапкер Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Жібек Жолы көшесі мен Бабаһұлы көшесінің қиылысындағы «Тассай» сауда кешенін (супермаркет) бұзу жолымен санитарлық-қорғау жолағы жерінің бастапқы жағдайына өз бетінше әкелген жоқ.

Жауапкер үшінші тұлғалардың құқықтарын тікелей бұзуына байланысты Утенбаева Ақжанна мен Тоқсанбаев Ғабит осы азаматтық іс бойынша үшінші тарап ретінде тартылады. Дәл осы Д 1200 мм және Д 800 мм диаметрлі су құбырлары бойынша, басқа жылжымайтын мүлік объектілеріне «Су ресурстары–Маркетинг» ЖШС-ның талап арызын қанағаттандыру туралы бірнеше шешім

қабылданған. Атап айтар болсақ, 03.03.2020 ж. Еңбекші аудандық сотының шешімі (Коломейцева И. Ю. қатысты), 02.06.2014 ж. ОҚО МАЭС шешімі (У. Юлдашев қатысты), 28.06.2018 ж. Шымкент қ. МАЭС шешімі (ИП Ж. Калкабаев қатысты) және т.б.

Шымкент қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы «Су ресурстары – Маркетинг» ЖШС-нің «Тассай» сауда кешені құрылысын және пайдалануға қабылдау актісін заңсыз деп тану, оны жою, санитарлық-қорғау белдеуін бастапқы күйіне келтіру туралы» талап арызы бойынша азаматтық істі қарап, ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексінің 423-бабын, 424-бабы 1-бөлігінің 2-тармақшасын басшылыққа ала отырып, Шымкент қаласы, Қаратау аудандық сотының 2022 жылғы 8 ақпандағы шешімін өзгерту туралы қаулы қабылдады.

Нәтижесінде, «Су ресурстары–Маркетинг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің объектіні пайдалануға қабылдау актісін заңсыз деп тану және санитарлық-қорғау белдеуін жерді бастапқы күйіне келтіру туралы талап-арыз талаптарын қанағаттандырудан бас тарту бөлігіндегі сот шешімінің күшін жою және осы бөлігінде талап-арыз талаптарын қанағаттандыру туралы жаңа шешім қабылданды.

Сонымен қатар, 2005 жылғы 10 қазандағы №279 салынған объектіні пайдалануға қабылдау актісі заңсыз деп танылды. Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Жібек Жолы және Бабаһұлы көшелерінің қиылысы мекенжайы бойынша орналасқан «Тассай» сауда үйінің ұзындығы бойынша оңтүстік-батыс жағынан солтүстік-шығыс жағына қарай 27,5 метр бөлігін, ені бойынша солтүстік-батыс жағынан оңтүстік-шығыс жағына қарай 14 метр бөлігін мәжбүрлеп бұзу жолымен санитарлық-қорғаныш жолағы жерлерін бастапқы қалпына келтіруге, жауапкерден «Су ресурстары–Маркетинг» ЖШС-ның пайдасына 27 949 теңге сомасындағы сот шығыстарын өндіріп алуға сот үкім етті.

Нұрдәулет ӘЛЖАНОВ,
«Су ресурстары–Маркетинг» ЖШС-і
Құқық бөлімінің басшысы

ХАЛЫҚ СОТЫНА СЕНІМ АРТЫП КЕЛЕДІ

Кез келген адамның құқын әділ қорғау - мемлекеттің міндеті. Осы мақсатты заң аясында орындау үшін шынайы сот төрелігін жүзеге асыруға ерекше назар аударылады. Осы мақсатта алқабилердің қатысуымен сот ісін жүргізу тәжірибеге енді.



«Алқабилер туралы» заң қылмыстық сот ісін жүргізуге алқабилердің қатысуына байланысты қоғамдық қатынастарды реттейтін, алқабилердің құқықтық мәртебесін, тәуелсіздігінің кепілдіктерін, олардың қызметін қамтамасыз етудің құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық негіздерін айқындайды. Мемлекет басшысы алқабилер сотын енгізу қағидатты қадам болды деп атап өтті. Бұл демократияның ажырамас бөлігі ретінде азаматтық қоғам институттарын дамытудағы және адам құқықтарын қорғаудағы жауапты кезеңге айналды.

Одан бері алқабилердің қатысуымен елімізде бірталай істер қаралды. Жалпы, алқаби дегеніміз – соттың қылмыстық істі заңда белгіленген тәртіппен қарауына қатысуға шақырылған және ант қабылдаған еліміздің кез келген азаматы. Сондықтан да алқаби сотын сот төрелігін жүзеге асыруға халықтың қатысуының бір түрі дейміз. Алайда, бұл жай ғана қылмыстық іс жүргізу институты емес, ол ерекше әлеуметтік институт. Алқабилер сотының тәжірибеге енгізілуінің өзі осы елде жарыспалы сот төрелігінің бар екендігін білдіреді.

Алқабилер соты аясында арнайы іріктелген адамдар істің нақты мән-жайларын баға-

лап, шешім шығарады. Азаматтық қоғам мен мемлекет үшін бұл институттың құндылығы алқабилердің кәсіби судьяларға қарағанда сот қызметіне істі қабылдауда өмірлік тәжірибені, ақиқат пен әдептілікті өзгеше ұғынуында болып отыр. Ресейдің атақты заңгері А.Ф.Конидің айтуынша, алқабилер сотта көріп, естігендері бойынша өздері еркін және тәуелсіз құрған ішкі наныммен істерді шешеді. Ондай наным оларға істі талқылау барысында ықпал еткен түрлі әсерлер жиынтығын іштей өңдеуден туындайды. Қандай да бір дәлелдемелерге сенуді немесе сенбеуді олардың ар-ұжданы шешеді. Бұл сөздер бүгінгі күні де өзекті болып табылады. Алқаби сотын көп жағдайда «қоғамдық ар-ұждан соты» деп айтады, ол қоғамда ақиқат пен әділеттілік туралы ұғымды дерексіз емес, нақты түсініктер арқылы қабылдап, қолдайды.

Қазақстанда алқаби соты енгізілгеннен бері алты жыл өтті. Осы кезеңде алқаби соттары біршама тәжірибе жинағаны анық. Алқабилердің қатысуымен қаралатын істердің көбеюі оған сенімнің артып отырғанын білдіреді. Сот төрелігінің жаңа институтына қызығушылықтың артуы оның өміршеңдігі мен маңыздылығының белгісі болып табылады. Аймақтар арасында облыстық және

оған теңестірілген соттарға баратын сотталушылардың алқаби сотын неғұрлым жиі таңдайтынын ерекше атауға болады. Дегенмен, халық өкілдері қатысатын сотқа қарсы пікір білдірушілер – алқаби сотын енгізу әлі ерте, ондай сот біздің менталитетімізге жат деген уәждер келтіреді. Кейбіреулер мұны шығарылған сот шешімінің себептерін заңғылымына және практикасына ешқандай қатысы жоқ адамдардың соттағы аса күрделі мәселелерді шеше алмайтындығымен түсіндіруге тырысады. Кейде алқабилердің төмен әлеуметтік мәртебесі туралы да айтылып жатады. Бұл пікірлермен бірқатар мамандар нақты келіспесе де, алқабилердің қатысуымен жүргізілетін сот ісін жүргізу әлі толық жетілмегендігін алға тартады. Бірақ, алқаби соты демократияның сөзсіз жеңісі екені, оны барынша қорғау және дамыту керектігі анық.

Қазақстандағы сот реформасының қазіргі заманғы тұжырымдамасы оны ең алдымен, сот жарыспалылығын ынталандыруға, сол арқылы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын неғұрлым пәрменді қорғауға ықпал етуге арналған институт ретінде қарайды. Жалпы, жергілікті халық өкілдері болып табылатын алқабилердің сот шешімдеріне қатысуы, жай қатысып қоймай, олардың шешім шығаруға нақты ықпал етуіне жағдай жасайтын бұл өзгеріс еліміз ұстанған демократиялық қоғам құру талаптарынан туындады.

Алқабилер туралы заң талабы аса ауыр қылмыстарға қатысты қолданылады және де олардың қатысуымен іс тек сотталушының өтініші бойынша қаралады. Бұл заңда нақты көрсетілген. Егер сотталушы бас тартса, қылмыстық іс кәсіпқой судьялардың қарауына алынады. Сондықтан алқабилердің қатысуымен өтетін соттың жетістіктері мен олқы түсіп жатқан жақтары қандай, нендей ерекшеліктері мен өзгешеліктері бар, судьялар мен мемлекеттік айыптаушылардың, алқабилердің сот барысындағы қарым-қатынасы қандай, алқабилердің қатысуымен өтетін сот процестерін ұйымдастырудағы машақатты мәселелер қандай деген тақырыптар жиі көтеріледі.

Алқабилердің қатысуымен өткен сот процестеріне шолу жасасақ, құзырлы органдар жүргізген тиісті тексеруден кейін әрбір алқа-

би мүшесі сот басталар алдында ант қабылдайды. Олар өздерінің ішкі наным бойынша шешім шығарады. Сотта қаралатын дәлелдемелерді зерттеуге, сотқа қатысушыларға судья арқылы сұрақтар қоюға, сот отырысында істің жария етілген мазмұнымен танысып, түсініксіз мәселелер бойынша сауалдар беруге құқылы. Сот ісінде жариялылыққа, тәуелсіздікке қол жеткізу бағытында дүниеге келген алқабилер институтының ең басты ерекшелігі – олар кеңесу бөлмесінде бірқатар маңызды мәселеге айрықша назар аударады: әрекеттің орын алғаны нақты дәлелденді ме, бұл әрекетті сотталушының жасағаны расталды ма және бұған сотталушы кінәлі ме?

Міне, осы сауалдар арқылы сотталушының кінәлілік дәрежесі анықталып, соған сәйкес айыптап соттауға немесе жауаптан босатуға шешім қабылданады. Ата Заңымызда белгіленген сот тәуелсіздігі, кінәсіздік презумпциясы, тараптардың теңдігі және жарыспалық қағидатын сақтай отырып, ар-ождан таразысы арқылы адамдардың тағдыры шешіледі. Бұл ретте қоғам мүддесін білдіретін алқабилердің моральдық бейнесі кіршіксіз, азаматтық ары таза, адамгершілік ұстанымы жоғары болуына баса назар аударылады.

Өкінішке қарай, алқабилер тізімін жасаған кезде құзырлы органдар тарапынан тексеру жұмыстары дұрыс жүргізілмейді. Соның салдарынан олардың қатарына өткен өмірі күмәнді, жауапкершілік жүгін жете түсінбейтін, тіпті, тәртіпсіз адамдардың да еніп кеткен фактілерінің бар екенін жасыруға болмайды. Себебі, алқабилер құрамында заңға ешқандай қатысы жоқ адамдардың болғаны жөн.

Алқабилер тізімін жасақтау жергілікті әкімдіктерге жүктелгендіктен, олардың арасына талапқа сай келмейтін адамдар да қоса ілеседі. Сондықтан, ол тізімдегі үміткерлерді компьютер арқылы таңдағанда небір адамдардың алқаби болып шыға келетіні сөзсіз. Дегенмен, бұл кемшіліктердің бәрі түзелетін, қолдағы іс. Ең бастысы, алқабилер қатысуымен қаралатын сот процестерінің ізгілікті және әділдікті арқау ететіні халыққа үлкен сенім ұялатуы керек.

Н.МАЖИТОВА,

Батыс Қазақстан облыстық Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының жетекші маманы

ӘДІЛІК ҚАҒИДАТЫ ТЕПЕ-ТЕҢДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ

Ғылыми әдебиеттерде сот ісін жүргізудегі заңдылық қағидатының мазмұны туралы әртүрлі пікірлер айтылады. Кейбіреулер бұл қағидатты қолдану судьяның тәуелсіздігі және заңға бағыну деп санайды.



Басқалары заңдылық қағидатының мазмұны мен шектеулерін кең мағынада, істерді қарау және шешу кезінде соттардың заңды дұрыс қолдануы, сондай-ақ, іс жүргізу мәселелерінің барлық пәні бойынша материалдық құқық пен іс жүргізу құқығының нормаларын қарастырады. Оның көрінісін қатаң және нақты түрде растау ұсынылады. Соңғы ұстанымға сәйкес, заңдылық қағидаты дауларды шешу үшін уәкілетті ұлттық орган ретінде сотқа ғана емес, сонымен бірге сот процесінің барлық қатысушыларына және олардың тиісті әрекеттеріне дербес қолданылады.

Әділдік қағидаты – әкімшілік органдар мен олардың қызметкерлері жүргізетін соттан тыс әкімшілік рәсімдердің маңыздылығын анықтайды. Әділеттілік, әдетте, қарама-қарсы тараптардың теңдігі қағидатының талаптарында көрінеді.

Құқықтарды, бостандықтар мен заңды мүдделерді қорғау қағидаттары. Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабының 2-тармағы, сондай-ақ, Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 8-бабы, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 14-бабының 1-тармағы, Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Конвенцияның 6-бабының 1-тармағына сәйкес барлық сот қорғауына кепілдік береді. Мемлекеттің сот

арқылы қорғалуға өз құқықтарын жүзеге асыруды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерін декларациялай отырып, сот арқылы қорғау әділ, құзыретті, толық және тиімді болуға тиіс.

Сот билігі азаматтар мен корпорациялардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіруге, келтірілген зиянның орнын толтыруға және олардың құқықтары мен бостандықтарын негізсіз шектеулерден немесе бұзушылықтардан қорғауға тиіс.

Мөлшерлестік әкімшілік рәсімдерді қолданудың маңызды қағидаларының біріне жатады. Ол заңдылық пен ыңғайлылық қағидаттарын біріктіреді. Бұл қағидатты қолдану үш кезеңнен тұрады. 1. Таңдалған құралдың заңдылығын орнату. 2. Құралдардың мақсатқа жарамдылығын растау. 3. Қол жеткізілген мақсаттар бойынша орындалатын әрекеттердің пропорциясы, олардың қажеттілігі белгіленеді. Мұнда әкімшілік қабылданған әрекеттердің тым «өткір» немесе шамадан тыс «жұмсақ» болмауын қамтамасыз етуі керек. Яғни, бір жағынан, ол азаматтардың құқықтарына негізсіз шектеулер қоймайды, екінші жағынан, қажетті нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Мөлшерлестік қағидаты заң әкімшілік дискриминацияға жол берген кезде ғана қолданылады.

Әкімшілік қалауды жүзеге асыру шектері қағидаты. ҚР ӘРПК-нің 11-бабына сәйкес, әкімшілік орган, лауазымды адам әкімшілік қалауды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде жүзеге асыруға міндетті. ҚР ӘРПК-нің 4-бабына сәйкес, әкімшілік қалау – әкімшілік органның, лауазымды адамның Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мақсаттарда және шектерде заңдылығын бағалау негізінде ықтимал шешімдердің бірін қабылдау өкілеттігі танылған.

Әкімшілік қалау заңнамадағы белгілі бір кемшіліктерді жоюдың тиімді құралы болып табылады және қоғамдық өмірдегі өзгерістерге тез, кәсіби және тиісті жауап беруге ықпал етеді. Бұл жағдайда әкімшілік қалау объективті қажеттіліктің элементі ретінде әрекет етеді. Қысқаша айтқанда, бұл заңды әсер ету мақсатына жетудің маңызды нақты техникалық және құқықтық құралы.

Қазіргі уақытта ерекше назар аударуды қажет ететін әкімшілік қалау мәселелерінің бірі оның өмір сүруінің құқықтық негіздерін зерттеу болып табылады. Құқық қорғау органдарының дискрециялық өкілеттіктерін белгілі бір құқықтық дауларды шешуде мүмкін болатын негізгі және өте маңызды фактор заңнамада мүмкіндікке, ал кейбір жағдайларда оны қолдану қажеттілігіне қатысты тікелей нұсқаулар болуы керек.

Құқықтар басымдығының қағидаты. ҚР ӘРПК-нің 12-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдер туралы заңнамасындағы барлық күмәндар, қайшылықтар мен көмескіліктер әкімшілік рәсімге қатысушының пайдасына түсіндіріледі.

Құқықтар басымдығының қағидаты – қатысушылардың қорғалу құқығына кепілдік беретін жүйе элементтерінің бірі. Орны толтырылмайтын күмәннің болуы сотты процестік шешімдер шығарудан ұстап қалуға тиіс.

Бұл қағидатты іске асыру әкімшілік сот ісін жүргізу нормаларын халықаралық құқықтың жалпы қабылданған қағидаттары мен нормаларына жақындату және қабылданатын сот актілерінің сапасын арттыру, апелляциялар, тәртіптік шаралар мен қадағалау

шағымдарының санын азайту үшін алғышарт болып табылады. Бұл заңды құрметтеуге және сот төрелігіне деген сенімді нығайтуға көмектеседі.

Сенім құқығын қорғау қағидаты. Заңды күту – бұл неміс қоғамдық құқығында бұрыннан белгілі құбылыс. Ол XIX ғасырда Пруссияның Жоғарғы әкімшілік сотының тәжірибесінде жасалған. Заңды күтулер доктринасы қолданыстағы құқықтық нормалар, алдыңғы әкімшілік тәжірибе немесе басқа жағдайлар (мысалы, агенттік уәделер) заңды тұлғаға белгілі бір құқықтық салдарға сенуге мүмкіндік беретін жағдайларда жұмыс істейді. Бұл талаптар 1976 жылғы Германия Федеративтік Республикасының Федералды заңы 2-бөлімнің 2-бөлігі (заңсыз әрекеттерді жою) және 2-бөлімнің 49-бөлігі (заңды актілерді жою) болып табылады.

Бір қарасаң неғұрлым шоғырланған болып көрсетілген. Алайда, бұл қағида өте кең тараған. ГФР адамдарға, егер мемлекеттік органдар бұрынғы тәжірибесін өзгертсе, тыңдауларда өз ұстанымдарын білдіруге мүмкіндік беру керек деп санайды. Бұл шешімдер жазбаша түрде негіздеуге де жауап береді. Өкінішке қарай, Қазақстан заңнамасы заңды күтулерді қорғау туралы жалпы ережені немесе қабылданған әкімшілік актілердің күшін жою туралы жеке ережені белгілемейді.

Формальды талаптарды теріс пайдалануға тыйым салу қағидаты. Бұл қағидат әкімшілік органның, лауазымды адамның әкімшілік рәсімге қатысушының құқығын іске асырудан бас тартуына, шектеуіне, тоқтатуына, сондай-ақ, оған Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленбеген талаптарды сақтау мақсатында міндет жүктеуіне тыйым салынады. Бұл қағидаттың көптеген рәсімдік аспектілері бар. Сондықтан, рәсімнің басында құжатты қабылдаудан бас тартуға болмайды.

Уәкілетті емес тұлғаларға құжаттарды беру кезінде соңғысы негізінен, құзыретті органға жеке жіберілуі керек (өтініш берушіге қайтарылмауы керек). Құжатты қабылдаудан бас тарту істі қарау үшін қолайлы емес, өйткені, қателерді түзету оңай. Қорытындылай келе, осы қағидаттың негізгі тұжырымы – өтінімді қанағаттандырудан бас тарту (басқа

кемшілікті қосымша қабылдау) әкімшілік рәсімдерді формальды түрде бұзу тұрғысынан ғана қолайсыз.

Анықтық презумпциясы қағидаты. ҚР ӘРПК-нің 15-бабына сәйкес, әкімшілік рәсімді жүзеге асыру кезінде әкімшілік рәсімге қатысушы ұсынған материалдар, объектілер, құжаттар мен мәліметтер әкімшілік орган, лауазымды адам теріс деп белгілемейінше, анық деп есептеледі.

Терминдердің тура түсіндірілуі ресми ақпарат процеске қатысушылардан алынған деп қорытынды жасауға мүмкіндік береді және оны қолдану жеке мінез-құлықтың тұтастығын тануға кепілдік береді. Басқаша айтқанда, біз мұндай ақпараттың дұрыстығын бағалау туралы айтуымыз керек – азаматтар мен басқа адамдар ресми ақпаратқа керісінше дәлелденгенге дейін сенімді деп сенуге құқылы. Яғни, сенімділікті бағалау – бұл процеске қатысушылардың материалдардың, объектілердің, құжаттар мен ақпараттың дұрыстығын және оларды пайдаланушылар алдында дұрыс растауды қамтамасыз ету міндеті

Материалдарды, объектілерді, құжаттар мен ақпаратты пайдалану кезінде процеске қатысушылардың мынадай: а) осындай ақпаратқа сенім артуға; б) басқалардың осы ақпараттың сенімділігін бағалауға негізделген сот талаптары мен шешімдерін қабылдайды деп күтуге; с) дұрыс емес ақпаратты пайдалану нәтижесінде келтірілген залал үшін өтемақы сұратуға құқықтары бар.

Соттың белсенді рөлі. Жалпы алғанда, кез келген сот процесінде тараптардың теңдігін бір тарап пен екінші тарап арасындағы қақтығыс және соттың абсолютті пассивтілігі ретінде қарастыруға болмайды. Сот процесі соттың белгілі бір қызметін қамтиды. Мәселен, ҚР ӘРПК-нің 16-бабының 2-тармағы негізінде сот әкімшілік процеске қатысушылардың түсініктемелерімен, арыздарымен, өтінішхаттарымен, олар ұсынған дәлелдермен, дәлелдемелермен және әкімшілік істің өзге де материалдарымен шектеліп қана қоймай, әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызы бар барлық нақты мән-жайды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттейді.

ҚР ӘРПК-нің 112 және 113-баптарына сәй-

кес, сотқа әкімшілік процеске қатысушылардың сот отырысына міндетті түрде келуін тану және олар келмеген жағдайда айыппұл салу қатерімен оларды сот отырысына шақыру құқығы берілді.

Германияда «Әкімшілік соттар туралы» заңның 86-бабында белгіленген анықтау қағидаты деп аталатын әкімшілік рәсімнің ұқсас қағидаты бар. Осы қағидаға сәйкес, сот азаматтардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіріп қана қоймай, сонымен бірге сотта ресми қате болған жағдайда оларға, әсіресе, білмейтін азаматтар тарапынан кеңес беруге міндетті.

Француз әкімшілік сотында судья тергеу, қосымша тергеу немесе құжат сұрау сияқты тергеу немесе арнайы тексеру шараларын қабылдау үшін ақпаратты екінші тарапқа беруді ресми түрде бұйырады. Францияның Мемлекеттік Кеңесі, әкімшілік іс жүргізудің жоғарғы органы, бұл жағдайда да, апелляциялық және тәртіптік жаза жағдайларында да әкімшілік істерді қарайды және әрдайым әкімшілік іс бойынша дәлелдемелер, сондай-ақ, шағымданған шешімнің қабылдану себебін ұсынады.

Демек, соттың әкімшілік іс жүргізудегі белсенді рөлі қағидаты бұл өтініш берушіге сотқа нақты іс жүргізу ісін жүргізуге көмектесіп қана қоймай, сонымен бірге осы процесте сот басшылығының қызметін атқаратындығын білдіреді. Әкімшілік сот ісін жүргізудің ақылға қонымды мерзімі. ҚР ӘРПК-нің 17-бабына сәйкес жекелеген іс жүргізу әрекеттерін қоса алғанда, әкімшілік сот ісін жүргізу қисынды мерзімде жүзеге асырылады.

Ақылға қонымды мерзімді айқындау кезінде мұндай мән-жайлар әкімшілік істің заңдық және іс жүзіндегі күрделілігін, іс жүргізу құқығын пайдалану дәрежесін және әкімшілік процесте іс жүргізу міндеттемесінің орындалуын көрсетеді. Шаралар, рәсімнің жеткіліктілігі және сот іс-әрекетінің тиімділігі әкімшілік істерді қарауды жеделдету үшін қабылданады.

М.ЖУЫНТАЕВ,
Қызылорда облыстық
мамандандырылған ауданаралық
әкімшілік сотының бас маманы-сот
отырысының хатшысы



ҮЗІЛГЕН АЛҚА

Күнделікті қала ішінде жасалған қылмыстар туралы оперативтік мәліметті алып, өткен тәулікте жүзеге асқан құқық бұзу әрекеттерін безбенге салып отырғанда «Аса ауыр қылмыс жасады деген күдікпен 1978 жылы туған Руслан Рүстемұлы ұсталды» деген жазу көзіме оттай басылды. Ойпыр-ау, бұл бөрінің бөлтірігі 10 жылға бас бостандығынан айырылмап па еді?! Қашан босаған? Әлде фамилиясы ұқсас біреу ме? Күдік бұлтын сейілту үшін төртінші қабатқа көтеріліп, криминалдық полиция бөлімінің бастығы Досжігітов Қанаттың кабинетіне бас сұқтым.

– Кәке, Арахамия сол 95-жылы қылмыс жасаған сабаз ба?

– Соның нақ өзі. 2002 жылдың 6-шілдесін-

де кесімді жазасының 6 жылын өтеп, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған көрінеді, – деген Қанаттың жауабы менің санамда сарғая бастаған сол бір 95-жылдың көктемін еске түсірді.

Егемендік алып еңсесін енді көтеріп келе жатқан ел үшін «Базарға қарап тұрсам әркім барар», – дегендей барын базардан тауып отырған қаймана қазақты нарықтың құны мен пұлы бір қысса, сол жылы «Аяз мүйізді, мүйіз тұқылды қысады» деп қыс та қытымырлығын танытқанды. Аяз апшыны қуырып, кәдеге көңілі толмаған қытымыр құдадай қаһарына мінген қаңтарға қош айтып, ақтүтек боранын азына-тып алаөкпе болған ақпанның арыны жер-дүниені нұрға бөлер наурыздың қапталына келе

алмай қалған мезгіл. Түске дейін киіз, түстен кейін мүйіз сәт.

«Арқа жылы болса арқар ауып несі бар» демекші жоғары оқу орындарының бірінде оқытушы болып жүрген мен қара қазан, сары баланың қамы үшін қаланың Затон бөлігінде полиция учаскелік инспекторының штаттан тыс көмекшісі болып қосымша қызмет ететімін. Бәрімізді Затон ішкі істер мекемесіндегі қылмысты іздеу бөлімінің бастығы Қуаныш Егізбаев (марқұм) жинап, 3-Лодочный көшесі бойындағы күл-қоқыс арасынан бір адамның екіге бөлінген мәйіті табылғанын, жәбірленушінің кім екенін анықтау қиындық тудырып тұрғанын айтты. Өйткені, дене бассыз, оқиға болған жерден мәйіттің басы табылмады, қылмыскер басқа жерге тастады ма, болмаса ит алып кетті ме, белгісіз. Міндет – сол төңіректі жіті қарап, шолып шығу. Жұмыла кіріскен жүзге тарта милицияның бір жарым күнгі еңбегі еш болып, ол аумақтан «Алланың добы – адамның басы» табылмады.

Бірақ, сол жолы облыстық және Затон аудандық із кесушілерінің ілкімді әрекеті арқасында Арахамия алғаш рет торға түскен-ді. Оқиға 35 кварталдағы бес қабатты үйлердің бірінде болды. Руслан өзінің екі досымен апалы-сіңлілі қыздардың пәтеріне қонаққа келіп, әдеттегідей көңіл көтеріп отырады. Арақ ішіледі. Ақыры әдемі басталған отырыстың соңы өзара керіс, ұрыс-жанжалға ұласып, нәтижесінде Руслан мен досы жабылып жүріп сол аймақтың «топ атама-ны» саналатын Жұмановты өлтіреді.

17 жасқа жаңа толған сәби жүрек селт етпестен жаны бойынан толық шығып үлгірмеген жәбірленушінің басын денеден бөлектейді, қарнын жарып жүрегін суырып алып, қорқыныштан көздері атыздай болған қыздардың алдына тастайды. Ол аздай, турап қуырдақ жасауға әмір етеді. Жұдырықтай жүректі көріп шошынған қыздар қашып ас бөлмеге тығылады. Ол кезде Руслан серігі екеуі бассыз қалған денені белдемеден төмен екіге бөліп қапқа салады, қыздарға қайтып келгенше пәтерді жуып тазалап қоюды міндет етіп, мәйітті күл-қоқыс арасына апарып тастайды. Басты спорт сумкасына салып алып, ауладағы жасөспірімдерге көрсетіп лепіреді. Сөмкеден алып шаштан ұстап: «Сұмырайды суқаным сүймеуші еді», – деп футбол добындай теуіп, кейін сол маңдағы жатақхананың шатырына лақтырып тастайды.

Ауладағы балаларға басты көрсетіп бөсіп

жүрген Руслан екенін анықтаған соң, Затон қылмысты іздеу бөлімінің қызметкерлерінің алдында қылмыскерді ұстау міндеті тұрды. Руслан суға сіңген судай жым-жылас. Барады-ау деген жердің бәріне тосқауыл қойылды. Бала – адамның бауыр еті. Оның қаладағы таксопаркте таксист болып істейтін әкесінің де әр қадамына аңду қойылды. Баласына апарар жолды әкесінің тамырын басу арқылы байқап көрмек. Әкесін бақылаған топ араға апта салған мезгілде оның парктен шығып, машинасымен қаланың Сротство бөлігіндегі бір үйге келгенін, араға аз уақыт салып үйден бір нәрсені алып шығып, теміржол бекетіне бағыт алғанын хабарлайды. Әкесінің артындағы аңдыған топ та вокзалға келеді. Вокзалға келген соң ол перронға өтіп жүк пойызының машинистерімен сөйлеседі де, қайта келіп қап ішінен ұлын шығарып, жүргелі тұрған тепловозға отырғызып жібереді. Осыншама уақыт ұлын әкесінің үйіндегі подвалда тығып ұстап, ерекше тәсілмен Ресейге қашырып жібермек болған әке пиғылын кеш ұққан полиция қызметкерлері сан соғып қалады.

Пойыз «Ресей қайдасың деп?» Мәскеуді бетке алады. Ендігі қалған амал – пойызды күштеп тоқтатып, айлакер әке әдісінің алдын орау. Осы мақсатта Қуаныш Егізбаев, Азанбек Бектасовтар пойызбен қапталдаса жүріп отырып аспанға бірнеше рет ескерту оғын атып, пойызды амалдап Белағашқа жеткізбей тоқтатады да, тепловоз моторларының бір қуысында тығылып жатқан Русланды суырып алады. Сөйтіп қылмыскер тақымына қылбұрау салынады.

Қылмыстық іс-құжаттармен танысу сәтінде жауап алу хаттамасын, куәлердің жауабын оқып, фото және бейне жазбаларды көру кезінде адамзат баласының жауыздығымен алғаш жүздескендей болдым. Көз алдымнан сол бір сурет – мәйітханада іші жарылған жарым кеуде мен қылтадан сәл бүгіле қатып қалған аяқ кетпей жүрді.

Тергеушінің алдында жауап беріп отырған мұрты жаңа ғана тебіндеп келе жатқан боз-бала осындай бейбастақ, бәтуәсіз әрекетті шімірікпей жасады дегенге иланғың келмейді. Славян халқы мен тау ұлы қанының қоспасынан пайда болған ана сүті аузынан кеппеген осы бір сымбатты жігітті жексұрын деуге қимайсың. Алайда, оның кінәсі тергеу амалдары кезінде толық дәлелденді. Жастығын, бұрын сотталмағанын ескеріп, сот 10 жылға жаза тағайындады. Көңіл түкпірінде «Жаңылмас жақ болмас,

жүйелі сөз түспесе» дегендей, түзелер деген болмашы бір сенім бізде қалған-ды.

2005 жылдың тамыз айының соңы мен қыркүйектің басы дихан қауым үшін қалай қарбалас болса, Семей қалалық ішкі істер бөлімі үшін де қауырт қимылды қажетсінген қарбаласты болды. 31 тамызда қалалық өрт сөндіру басқармасының кезекші бөліміне Қабанбай батыр көшесіндегі 164-үйдің бір пәтері жанып жатқаны туралы дабыл түскен. Өрт сөндірушілер өртті өршітпей дер кезінде ауыздықтап, үйден 1970 жылғы пәтер иесі мен оның 1995 жылғы қызының мәйітін алып шығады. Сот-медициналық сараптау бөлімі аталмыш азаматтардың ажалына өрт емес, қылғындыру себеп болғанын анықтайды. Сол сәттен бастап тергеушілер мен қылмысты іздеу қызметкерлері іске кіріседі.

Жәбірленушінің жақын жанашырларының арқасында 20 мың теңге тұратын «Самсунг» ұялы телефоны және 30 мың теңге көлеміндегі алтын сақина, сырға, алқа қолды болғаны анықталады. Жаманат болған жерден қысқа кендір жіп, екі ұшы қысқа темір құбырға байланған темір тросс табылады. Көрші-қолаң, туыс-жекжат, тамыр-таныстарының осы қылмысқа қатысының бар-жоғын анықтау барысында жұмыс жүргізген топтың назарына бұрын кісі қанын мойнына жүктегені үшін кінәсін өтеп шыққан Руслан да шалынады.

Жүзіктің көзінен өтердей жылпос, сырлы да сымбатты, қу сөзден қуырдақ қуырғанда алдына жан салмас Руслан мен Заринаның арасында о баста махаббат бәйшешегі бұр жарып, алайда уақытына жетпей солған-ды. Жауап алғанда Руслан өздерінің араларында қара мысық жүгіріп өткенін, Зарианамен араласпағалы көп болғанын, оның өліміне ешқандай қатысы жоғын айтып бет бақтырмады. Әккі де айлакер, түлкі мінез Русланның оңайшылықпен шағыла қоймайтын жаңғақ екенін ескеріп із кесушілер оның жүріс-тұрысын қадағалауға алады.

Басқарма бастығы Ж.Ибраев топты күнде өзіне жинап, мән-жаймен, атқарылған іспен танысып, ақыл-нұсқауын беріп отырды. Ағын судай арындаған өмір арнасымен аққан уақыт, 17 қыркүйекке иек артады. Күндегі әдеті бойынша лездеме жиналысын өткізіп, күнделікті поштамен таныса бергені сол еді, полковник Ибраевтың назарын кезекші бөліммен тікелей байланыстағы телефон шылдыры бөлді. Ар жағынан оперативтік кезекші, майор Абдрахманов 352 кварталдағы 6-үйде белгісіз біреулер

қарақшылық шабуыл жасап, үй иесінің әйелін пышақтап өлтіріп кеткенін баяндады. Бұл үйден де «Сименс» ұялы телефоны, 141 мың теңге көлеміндегі алтын бұйымдар және 4000 теңге ақша ұрланған.

Алдыңғы кісі өлімін ашу кілті табылмай тұрғанда оған мына қылмыс қосылып, онсыз да қысқа жіп күрмеуге келмей қиын болатын болды. Қылмыс жасаған адамның өмірі алаңдаумен өтеді. Қылмыскер қалайда бір қателесуі, сүрінуі керек. Тек соны дөп баса білген маңызды. Кесіртке қысылғанда құйрығын құрбандыққа шалады демекші, түрмеде жүріп есірткімен әуес болып, кейін есірткінің күшті түрі героинды тамырға жіберіп «тамаша» ләззат табатын Русланның ұрлаған заттарды бірде болмаса бірде көл бетіне қалқыған қауырсындай жарыққа шығаратыны шүбәсіз еді. Атқарылған жұмыстардың бір бағыты осы мақсатқа жұмылдырылған болатын. Солай болып шықты да.

Қалалық телефон жүйесінен келген қағазда ұрланған телефоннан тақау арада кезекті телефон номеріне қоңырау түсті делінген. Дерее ұрланған телефоннан қоңырау шалынған адам анықталып, кім хабарласқаны туралы сұралғанда ол өзіне Самат деген досының телефон шалғанын айтады. Қылмысты іздеу қызметкерлері Саматты табады. Жоғалған ұялы телефон соның қолында екен. Қаладағы «Газель» шағын автобусының бірінде кондуктор болып істейтін Самат бұл құрылғыны 10 қыркүйек күні 35-кварталда бір жас жігіттің 3 мың теңгеге сатқанын айтады. Дерее оған Русланның фотосын көрсеткенде, Самат телефон сатқан кісінің Руслан екенін дөп басып таниды. Оны «Газель» шоферы да танып, Саматтың нақ осы жігіттен «самсунг» телефонын сатып алғанын растайды. Қылмыскер сол күні ұсталды. Басында түлкі бұлаңға салып, айтқан сөзінен қайта-қайта жалтарып мойындамауға тырысып бақты. Тіпті оларды (Зарина мен қызын) немере ағасымен бірге өлтірдік, маған тапсырыс берген сол, ол Заринаның банктен ірі көлемде несие алғанын айтты деп, еш кінәсі жоқ, о баста Заринаның осы сұмыраймен жақындығына жан-тәнімен қарсы болып, ұдайы кедергі жасап келген ағасына жала жауып бақты. Алайда, қулығына құрық бойлатпай қанша жалтармақ болса да, тәжірибелі тергеуші Талғат Шәріпов оның бәрін дәйекті түрде анықтап, сот-медициналық, сот-биологиялық, сот-трасологиялық, сот-техникалық сараптама қорытынды-

ларымен нақтылап, қылмыскердің адымын аштырмай мойындатады.

30 тамыз күні жұмыс орнында күн бұрын әзірлеп қойған темір білеуге тросс байлау арқылы жасалған қыл тұзақты қалтасына салған Руслан кешкі 11 кезінде Заринаның пәтерінің есігін қағады. Есік ашқан Заринаға: «Зарина жаным! Сенің бейнең көзден кетсе де, көңілден кетер емес. Иілген басты қылыш кеспес. Кеш жаным! Кешір мені!» – деп көлгір-си, қара ниетін кесіп алса қан шықпас бетінің астына жасырған Русланға ол әйелдік кеңпейілдігімен кешірім беріп, кішкене қызының көзі ұйқыға кеткенше сыртта тоса тұруын өтінеді. Қызы ұйықтаған соң Русланды ішке кіргізеді. Оған таңғы шықтай таза сезімін ұсынады. Ниеті жаман, қырым мен ұрымның бәрінен өткен бәлекет тергеушіге берген жауабында: Мен оның ұйықтауын күттім. Жыныстық қатынас жасаған жоқпын, өйткені ертең шашылған шаухатым сараптау кезінде айғақ ретінде шарадай басыма пәле болып жабысатынын білдім. Зарина ұйқыға бас қойған кезде, шамамен сағат 5-7-лердің арасында мойнына қыл тұзақты салып қылқындырып өлтірдім. Сол кезде біздің шуымыздан қызы оянып кетті. Тірі куә қалдырмауды мақсат етіп, оны залдағы диван үстінде қылқындырып өлтірдім. Ас үйдегі Заринаның өлі денесін сүйреп әкеліп диванға қызының қасына жатқызып, қылмысымды жасыру мақсатында төсек жаймасына өрт қойып, жалын күш алғанша тосып тұрдым да сосын ізімді жасырдым.

Су жұқпас, екі жүзді кэззапті құр қол, жалаң сөзбен ала алмасын білген тергеуші Талғат Русланмен бірге істейтін қызметкерлерді сұрастыру барысында Русланмен бірге механик болып істейтін Павел 17-сі күні өзіне сағат таңертеңгі 8.30-да бастығы Березовский поселкесіне «Уаз» автокөлігін айдап апарып тастауын тапсырып, қайтарда оны алып келу үшін артынан «Москвич-27В» машинасымен Руслан Арахамия баратынын айтады. Автокөлікті апарған соң Руслан екеуі қайта жұмысқа сағат 10-да келгенін, келген соң өзінің гаражға бір жұмыстармен кеткенін, сосын тағы бастықтың тапсырмасымен шамамен 10.15-тен бастап кәсіпорынға дизель отынын әкелу үшін машина қажет болып Русланды іздегенін, кәсіпорын ауласынан таппағанын, тек сағат 11 кезінде Русланды аулада кезіктіргенін айтады.

Демек, қылмыс болған мезгілде жұмыста болдым деген Русланның берген жауабы

жалған. Ол Павелдің жауабынан кейін белгілі болады. Істі нақтылау үшін айғақ іздеу мақсатында оның үй, гаражы, жұмыс орны, жүргізіп жүрген машинасы жіті тінтіледі. Машинаны қарау кезінде кенеп қолғаптың ішінен сыртында қатқан қан дағы бар үзілген алқа табылады. Дереву қылмыс болған үйге қайта жүргізілген тексеру кезінде алғашында байқалмаған қостөсек астынан үзілген алқаның жартысы табылып, сот-сараптау кезінде алқаның екі үзіндісінің бір бүтін болғаны расталып, сот-биологиялық сараптау қорытындысы негізінде алқаға жұққан қан дағы жәбірленуші марқұм әйелдің қанымен сәйкес екендігі дәлелденеді. Бұдан ары жалтарудың жөні жоғын ұққан жаналғыш өз істегенін мойындады. Сондағы Русланның тергеушіге берген жауабы: «Мен әйелдің бизнеспен айналысатынын білетінмін. Бірнеше күн сол маңды төңіректеп, оның күнде таңертеңгі мезгілде жалғыз болатынын анықтаған соң, 17-сі күні шамамен сағат 10-нан кете аталмыш мекенжайға келдім. Есік ашық екен. Кіреберіс дәлізге енгенімде әйел қарсы алдымнан жолықты. Әй-шайға қаратпай жұдырықпен 2-3 рет қонжиттым. Әйел байбаламға басты. Біреу естіп қояр деген күдікпен оның аузын қолыммен жауып, төргі үйдегі төсекке құлаттым. Арнайы алып келген жіппен қолын артына қайырып байлап, қалтамдағы пышағымды тамағына тіреп, ақша, қымбат заттар талап еттім. Әйел айғайын үдете түсті. Қолыма ілінген капрон шөлкемен аузын тығындап, пышақпен тамағынан орып жібердім де, үй ішін ақтарып ерлер әмиянының ішінен 44 мың теңге және ұялы телефон мен көзіме ілінген сақина, сырға, білезік, ерлер печаткасын, кетіп бара жатып әйелдің мойнындағы алқаны да жұлып алуды ұмытпадым. Сосын із жасырып жұмысқа келдім де, ұрланған заттарды өзім мініп жүрген «Москвич» машинасының ішіне жасырдым. Кейіннен әркімдерге саттым. Телефонның маркасы ескі болған соң қираттым да, бізбен шектес мектеп ауласына лақтырып жібердім. Ақша есірткі алу үшін қажет болды» деді жайбарақат.

Міне полиция қызметкерлерінің қажырлы еңбегінің арқасында қандықол қылмыскер жасаған аса ауыр, үш кісінің өліміне ұласқан қылмыс ашылып, толық тергеліп, Шығыс Қазақстан облыстық соты Руслан Арахамияға 25 жылға бас бостандығынан айыру жазасын тағайындады.

Елубек ОСПАНОВ

ЗАҢ

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
75849

Қазақстан Республикасының Мәдениет,
ақпарат және спорт министрлігінде тіркелген
Күәлік №5702-г, 2005 жыл, 10 ақпан

Жарияланған мақала авторларының
пікірлері редакция көзқарасымен сәйкес келе
бермеуі мүмкін

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Қазақстан Республикасы,
Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы (бұрынғы Мичурин) көшесі, 68 «б» үй.
Телефондар: 8727-2-92-43-43, 8727-2-92-79-61 (факс)

ЖУРНАЛДА ЖАРИЯЛАНАТЫН ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

- МАҚАЛАҒА ҰСЫНЫС ХАТ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, ҚАЗАҚ, ОРЫС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН ТҮЙІН ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, МӘТІННІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ НҰСҚАСЫ ЖӘНЕ АВТОРДЫҢ ФОТОСУРЕТІ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- ІЛЕСПЕ ХАТТА АВТОРДЫҢ АТЫ-ЖӨНІ, ҚЫЗМЕТІ, ҒЫЛЫМИ АТАҒЫ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ СОҢЫНДА ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ КӨЛЕМІ 14-КЕГЛЬМЕН ТЕРІЛГЕН 9-10 БЕТТЕН АСПАҒАНЫ ЖӨН;
- МАҚАЛАНЫҢ МАЗМҰНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АВТОР КӨТЕРЕДІ.

Теруге 10.8.2022 ж. жіберілді. Басуға 20.8.2022 ж. қол қойылды.

Пішімі 60x90 1/8. Тапсырыс № 16. Таралым 808.

Журнал айына бір рет жарық көреді.

Журналдың терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң»МК» ЖШС-нің компьютерлік
орталығында жасалды. Офсеттік басылым

«Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылды. Алматы облысы, Өтеген батыр кенті,
Сейфуллин көшесі, 2 «в» үй,

Телефондар: факс 8727-2-51-78-27, 8727-2-51-78-31

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАРЛЫҚ МАҢЫЗДЫ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ZANMEDIA.KZ

ВСЕ СВЕЖИЕ НОВОСТИ КАЗАХСТАНА

Біздің басылымдарда:

- ✓ өз компанияңыз туралы PR-мақалалар;
- ✓ модульдық немесе, өзге де жарнамалар;
- ✓ кезекті аукцион немесе, өзге де сауда-саттық туралы хабарлама;
- ✓ өз компанияңыздың жылдық балансын немесе қаржылық есептерін жариялауға мүмкіндіктеріңіз бар.

Вы можете:

- ✓ Опубликовать PR-статью о вашей компании
- ✓ Опубликовать модульную или имиджевую рекламу
- ✓ Оповестить об очередном аукционе или проводимых торгах
- ✓ Опубликовать годовой баланс вашей компании или финансовую отчетность

Байланыс телефондарымыз:

Басылымға жазылу құны және оны
рәсімдеу мәселелері бойынша:
8 (727) 292 29 27

Жарнама мәселелері бойынша
телефондар:
8 (727) 292 29 27, 292 29 92

E-mail: **zanreklama@mail.ru**

Контактные телефоны:

По вопросам стоимости и оформления
подписки и издания:
8 (727) 292 29 27

Телефоны для рекламы:
8 (727) 292 29 27, 292 40 89

E-mail: **zanreklama@mail.ru**

БАСПАХАНА МЕКЕНЖАЙЫ:

Өтеген батыр кенті, Сейфуллин көшесі, 2В үй.
Тел/факс: 8 /727/ 251-78-27
тел.: 8 /727/ 251-78-31
«Принт Плюс» ЖШС

Адрес типографии:

пос. Утеген батыр, ул. Сейфуллина, дом 2В.
Тел/факс: 8 /727/ 251-78-27
тел.: 8 /727/ 251-78-31
ТОО «Принт Плюс»